**№7 «Еркетай» бобекжай-балабақшасы»
мектепке дейінгі ұйымы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорынның
өзіндік аттестаттау қорытындысы.**

**Мазмұны:**


1.1. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жалпы сипаттамасы ............. 2

1.2. Кадрлар құрамын талдау ....................................................................9

1.3. Тәрбиеленушілер контингенті туралы мәлімет ........................................9

1.4. Оқу- материалдық активтер.........................................................................10

1.5. Оқу-әдістемелік жұмыстар.........................................................................12

1.6. Педагог құрамын талдау...............................................................................41

1.7. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры..........................................53

1.8. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларын бағалау
.........................................................................................................................54

## 1.1. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жалпы сипаттамасы. Ақпараттық анықтама.

*Мекеме атауы:* «Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ «№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны оралымды басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК Хромтау ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 01 қарашадағы № 389 қаулысының (қосымша №1) негізімен құрылды.

Кәсіпорынның құрылтайшысы –Ақтөбе облысының әкімдігі болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының негізгі басшылығын ала отырып мекеме өз жұмысын жалғастыруда.

Мектепке дейінгі ұйымының мемлекеттік басқарудың тиісті саласын басқару жөніндегі уәкілетті орган Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау аудандық білім бөлімі» ММ болып табылады.

Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган «Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау аудандық білім бөлімі » ММ болып табылады.

Кәсіпорынның орналасқан жері: 031100, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы Хромтау ауданы, Хромтау қаласы,Мұхтар Әуезов көшесі ,12 А үйі.

Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Мекеменің атауы бар мөрі бар.

«№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның оқыту бағыты гуманитарлық- эстетикалық болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымының негізгі ғимараты 1991 жылы салынған. 2000 жылы Дөн кен байыту комбинатына «Электроцех» ретінде беріліп, 2012 жылы жергілікті әкімшілікке балабақша ретінде қайтарылды: мемлекеттік қабылдау комиссиясының объектіні жұмысқа қосу туралы актісі 22 қазанының №377 (қосымша №2) Қабаты-2, іші жарық, орталық жылу жүйесі, су, кәріз, сантехникасы қанағаттанарлық күйде. Топтық және жатын бөлмелері 12 топқа арналған. Мекемеде 1 музыка залы,1 дене шынықтыру залы, әдістемелік және психолог кабинеттері, бейнелеу өнері дәрісханасы,сенсорлық бөлмесі,GIGO конструкторының зертхана алаңы(құралдарымен) медициналық кабинет( лицензиясы бар),оқшаулау бөлмесі бар.

Жобалық қуаты-290

Жалпы тізім бойынша-290

Салық төлеуші ретінде тіркеу нөмері 061600212651 сериясы 06 № 0015652

1)Ұйымның қызмет көрсетуіне құқықтық негізі: «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалының Хромтау аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімі Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы: №121140007876 2021 жылғы «17» қаңтар.

2)Мектепке дейінгі ұйымның статистикалық картасы ҚҰЖЖ коды 51817062, бизнес сәйкестендіру нөмірі 121140007876 (БСН). Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020жылғы «30» желтоқсандағы № 490 қаулысы 2 қосымшасы.

3) Білім мекемесінің негізгі құжатының бірі- Жарғы.*(қосымша №4)* Жарғы «Білім туралы» заңның 41-бабын және ҚР Үкіметінің ж.. «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің

үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысы негізінде дайындалған. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылдың 30 желтоқсан айында № 490 қаулысымен бекітілген, тіркеу № 67-1904-16-НАО МК № 121140007876 ЖСН . Алғашқы тіркеу күні 12 қараша 2012 жыл. Жарғы 25 беттен тұрады, нөмірленіп, тігілген.

**4)**«Жалпы білім беру саласында мектепке дейінгі оқу-тәрбие қызметімен» айналысуға **2021 жылдың 14 сәуірінде № KZ42RVK00034457** нөмерлі хабарламамен жұмыс

**5)** Кәсіпорынның меншік иесі құқығына иелік ететін құжаты бар *№ 002204482805* Тұрақты жер пайдалану актісі бар жер учаскесінің кадастрлық нөмірі 02-040-004-046. Жалпы алаң: 3633,8ш.м. Жер учаскесінің алаңы: 1,0811 га. Мектепке дейінгі ұйымның ғимараты орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған, салқын және ыстық сумен толық қамтамасыз етілген.

| *Ғимарат* | *Салынған жылы* | *Күрделі жөндеуден өткен жылы* | *Мекеменің түрі* | *Жылу жүйесінің түрі* | *Ауданы* |
|---|---|---|---|---|---|
| негізгі | 1991 | 2012 | типтік | орталық | 3633,8ш.м. |

№7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» республикалық, облыстық, бюджеттен қаржыланды. Соңғы 5 жылда бөлінген қаржы:

2017 жыл-51196,89
2018 жыл-53203,00
2019 жыл-75473,50
2020 жыл-101659,80
2021 жыл-129640,00

2017-20218 жылы кәсіпорынның материалдық базасын жаңарту мақсатында төменгі негізгі құрал-жабдықтар алынған:

Жұмсақ инвентарьлар мен жабдықтау-543,0 (2017ж.)
-881,0 (2018ж.)
-450,0 (2019ж)
-1350,0(2020 ж.)
-356,0( 2021 ж.)

Компьютерлік жабдықтау-213,0(2017 ж.)
-253,0(2019ж.)
-491,0(2021ж.)

Бағдарлама, Bilim kids -145,0(2021ж.)
Кітаптар мен көрнекіліктер -300,0 (2021ж.)
Видео бақылау -1263,0 (2019)

Телевизор-5х45,0; 225,0 (2017ж.)
Фото камера-170,0 (2017ж.)
Муз.күшейткіш колонка -150,0 (2017ж.)
Радио телефон-12,0 (2017ж.)
Принтер- 79,0 (2017ж.)
Принтер түрлі-түсті -200,0 (2018 ж.)
Ойыншықтар-226,0 (2017ж)
-1468,0 (2018 ж)
-1544,0 (2021 ж.)

GIGO конструктор алаңы -4610,0 (2021ж.)
Іс машинасы-250,0 (2019ж)
Балалар бөлмесіне жиһаздар – 1875,0 (2020 ж.)

7) Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы туралы актісі бар. Санитарлық-эпидемиологиялық ,өрт қауіпсіздігі қызметтерінің қорытындысы мен тексерілген актілері бар. Мектепке дейінгі ұйымның ішкі және сыртқы келбеті СанЕмН талаптарына сай. Стандарт жүйесіне байланысты еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектепке дейінгі ұйымда толыққанды жұмыс жақсы жүргізілген. Мекеменің қауіпті жағдайларда эвакуациялау жоспары ғимарат ішінде белгіленген. Жұмысқа жаңа қабылданған қызметкерлерге алғашқы кіріспе нұсқулықтар оқылады. Әрбір тоқсан сайын қызметкерлермен қауіпсіздік нұсқаулықтарды сақтау туралы кеңес өткізіліп, журналдарға қол қойылып отырады. Балалар мен қызметкерлердің жарақаттануы тіркелмеген. Мекемеде өрт қауіпсіздігі жөнінде, еңбек қауіпсіздігі жөнінде, балалардың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау жөнінде нұсқаулықтардың барлығы бар, құжаттары талапқа сай жүргізілген.

2013 жылдың 26 желтоқсанынан бастап санитарлық-эпидемиолгиялық қорытынды №325. Берілген қорытынды: Мектепке дейінгі ұйымның санитарлық ережелері мен гигиеналық нормативтерге сай.

8) Медициналық қызмет көрсетуді растайтын құжат-мемлекеттік лицензия. Ол 21.10.2014ж алынған.Балабақшада балалар 5 мезгіл тамақтанады. Ас мәзірі 2 мезгілге бөлінген: жазғы-күзгі, қысқы-жазғы

9) № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы дамуын жетілдіретін бағдарлама Даму жоспары. Онда ұйымның мақсаты, міндеттері және оларды жүзеге асыру жолдары атап көрсетілген. Даму бағдарламасы 3 кезеннен тұрады: дайындық- жоспарлау, практикалық-негізгі, қорытынды. Жоспар 2019- 2024 аралығын қамтиды.

10)Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі оқу жүктемесіне, санитариялық-гигиеналық талапқа сай, оқу қызметінің кестесі Бес білім беру саласы талабы бойынша базистік жоспарға және ҚР МЖМБС 1.001-2009 талаптарына сай құрылған. «Ақбөбек» бөбекжай-балабақшасы» мектепке дейінгі ұйымының 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жылдарының ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің жұмыс жоспарлары ҚР МЖМБС Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысы және 2012 жылдың 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы негізінде құрылды. Ұйымдастырылған оқу қызметінің перспективалық жоспарлары, технологиялық карталары және балалардың тіршілік әрекеті мен тәрбиелеуді ұйымдастыру циклограммалары талапқа сай құрылған.

11. № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы»-ның іс номенклатурасы ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы № 144 «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес дайындалған. Іс номенклатурасы қызмет бағыттары мен құрылымдық бөлімшелер тізбелерінен құрылған:
Басшылық.
Кадрлармен жұмыс.
Тәрбиеленушілер құрамы.
Іс жүргізу жұмысы.
Ата-аналармен жұмыс.
Оқу-әдістемелік жұмыс
Шаруашылық бөлімі.
Медициналық қызмет.

Еңбек қауіпсіздігі.
Психологиялық қызмет.
Кастелянша құжаттары.
Қоймашы құжаттары.
Ұйымның іс номенклатурасы меңгерушімен бекітілген.

**12.** **№7** «Еркетай" бөбекжай-балабақшасы» -ның 4 оқу жылындағы штаттық кестесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысы негізіндегі мектепке дейінгі ұйымдардың үлгі штаттық кестесіне сәйкес құрылған. Штаттық кестелер Хромтау аудандық білім бөлімінің басшысымен бекітілген.*(қосымша)*

2017 жылдың 01 қаңтарында штаттық кесте бойынша- 33 педагог . Оның ішінде: меңгеруші-1, педагог-психолог-1,дефектолог-0,5, әдіскер-1, дене шынықтыру нұсқаушысы-1, музыка жетекшісі-2,5, бейнелеу жетекшісі-0,5,орыс тілі маманы-0,5,ағылшын тілі маманы-0,5,тәрбиешілер-24,хореограф-0,5

2018 жылдың 01 қаңтарында штаттық кесте бойынша- 33 педагог . Оның ішінде: меңгеруші-1, педагог-психолог-1, дефектолог-0,5, әдіскер-1, дене шынықтыру нұсқаушысы-1, музыка жетекшісі-2,5, бейнелеу жетекшісі-0,5,орыс тілі маманы-0,5,ағылшын тілі маманы-0,5,тәрбиешілер-24,хореограф-0,5

2019 жылдың 01 қаңтарында штаттық кесте бойынша- 33 педагог . Оның ішінде: меңгеруші-1, педагог-психолог-1,дефектолог-0,5, әдіскер-1, дене шынықтыру нұсқаушысы-1, музыка жетекшісі-2,5, бейнелеу жетекшісі-0,5,орыс тілі маманы-0,5,ағылшын тілі маманы-0,5,тәрбиешілер-24,хореограф-0,5

2020 жылдың 01 қаңтарында штаттық кесте бойынша- 33 педагог . Оның ішінде: меңгеруші-1, педагог-психолог-1, дефектолог-0,5, әдіскер-1, дене шынықтыру нұсқаушысы-1, музыка жетекшісі-3, бейнелеу жетекшісі-0,5,орыс тілі маманы-0,5, тәрбиешілер-24

2020 жылдың 01 қыркүйектің штаттық кестесі бойынша- 33 педагог . Оның ішінде: меңгеруші-1, педагог-психолог-1,дефектолог-0,5, әдіскер-1, дене шынықтыру нұсқаушысы-1, музыка жетекшісі-3, бейнелеу жетекшісі-0,5,орыс тілі маманы-1 тәрбиешілер-24

2021 жылдың 01 қаңтарында штаттық кесте бойынша- 33 педагог . Оның ішінде: меңгеруші-1, педагог-психолог-1,дефектолог-0,5, әдіскер-1, дене шынықтыру нұсқаушысы-1, музыка жетекшісі-3, бейнелеу жетекшісі-0,5,орыс тілі маманы-1 тәрбиешілер-24.

12.ҚР Білім және ғылым министрінің 13.07.2009 ж. №338 «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығын, ҚР «Білім туралы» заңын, Жарғы мен ішкі тәртіп ережесін басшылыққа ала отырып, №7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» МДҰ-да қызметкерлердің лауазымдық нұқаулықтары жазылған. Жалпы ереже, міндеттер, құқықтар, жауапкершілік тармақшаларынан тұратын лауазымдық нұсқаулық әрбір қызметкерге берілгендігі туралы жинақ папкасы мен журналы бар. Меңгерушінің лауазымдық міндеті аудандық білім бөлімінен берілген.

**13)** Басқару жүйесі.

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» МДҰ бірнеше функцияларды орындайтын ұйым: оқыту- тәрбиелеу, шаруашылық қызмет, кадр және әдістемелік қамтамасыз ету; аталмыш үдерісті басқару және әкімшілік қызмет. Қазіргі таңда заңды функцияны ұйымда Педагогикалық кеңес және Жалпы ұжым жиналысы орындайды. Мектепке дейінгі ұйымды басқаруды мекеменің меңгерушісі жүргізеді.

Мекеменің өз жұмысында ішкі локальді актілер және Жарғыны басшылыққа алады. МДҰ-ы жұмысына білім беру үдерісіне қатысушылар қатыстырылады: педагогтер, қызметкерлер, ата-аналар, тәрбиеленушілер.

Мекеменің негізгі қызметі Жарғымен, ішкі еңбек тәртіп ережесімен («Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысының 30 тармағы негізінде дайындалған), лауазымдық міндеттер (ҚР Білім және ғылым министрінің 13.07.2009 ж. №338 «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» қосымша ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 169 бұйрығы негізінде дайындалған), басқа да нормативтік- құқықтық актілермен реттеледі.

Мекеменің меңгерушісі мектепке дейінгі ұйымды тікелей басқарады. Оның қызметі үш бағытта жүреді: тәрбие мен әдістемелік жұмысқа басшылық ету, әкімшілік- шаруашылық мәселелерін шешу, отбасымен жұмыс жүргізіп, ата-аналар мен халық арасында педагогикалық ағарту жұмысын ұйымдастыру.

Меңгеруші тарапынан бақылау жоспары, циклограммасы құрылған.Оның тексеретін объектілері:

- Тәрбиеленушілердің өмір қауіпсіздігі мен денсаулықтарын сақтау;
- Оқыту- тәрбиелеу жұмысы;
- Кадр мәселесі, педагогтердің аттестациясы, санаттарын көтеру;
- Социуммен байланыс;
- Әкімшілік- шаруашылық және қаржылық қызмет;
- Мекемеде тамақтануды ұйымдастыру;
- Балалар мен қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі мен техника қауіпсіздігі.

Бақылау сұрақтары әртүрлі деңгейде: педагогикалық кеңестерде, жалпы ұжым жиналысында, өндірістік жиналыстарда, меңгеруші жанындағы отырыстарда қаралады. Бақылаудың тиімділігінің ең маңызды әдісі- мониторинг. *Мониторинг мақсаты:* МДҰ-да оқыту- тәрбиелеу үдерісінің сапасы туралы толық біртұтас екеніне көз жеткізеді, болашаққа жоспар мен мақсат, бағыт анықтайды.

*Міндеттері:*

- Балалардың даму деңгейін бақылау;
- Балалардың мектепке дайындылығын анықтау;
- Балалардың денсаулығының және физикалық дамуының жағдайын сараптау;
- МДҰ-да балалардың тамақтану процесінің ұйымдастыруын бақылау;
- Оқу- материалдық базасын бағалау;
- Балабақша ата-аналарының МДҰ қызметімен қанағаттанарлық деңгейін анықтау;

Меңгерушінің нормативті құжаттарға арналған жинақ папкісі бар. Меңгерушіге қажетті барлық құжаттары талапқа сай. Бұйрықтар кітаптары сауатты жүргізілген, тігілген, нөмірленген.

Әдіскер жұмыс жоспары негізінде балалармен, ата-аналармен, педагогтермен жүйелі жұмыстар жүргізген. Әдіскер құжаттары іс номенклатурада берілгендей талапқа сай, құжаттары толық жинақталған.

№ 7«Еркетай» бөбекжай-балабақшасы»-н <u>басқару жүйесі</u> Қазақстан Республикасының Коституциясына, «Білім туралы» Заңына, «Мектепке дейінгі ұйымдар ережесіне», Жарғыға, бұйрықтар мен үкімдерге сай құрылған. Басшылық сонымен қатар өндірістік жиналыстарда, жалпы ұжым жиналыстарында, кәсіподақ ұйымының жиналыстарында қабылданған локальді актілер түрлеріне сүйене отырып жұмыс жасайды:

- Балабақшаның меңгерушісінің негізгі бұйрығы;
- Ішкі еңбек тәртіп ережесі;
- Ұжымдық шарт;
- Еңбек қауіпсіздігі мен техника қауіпсіздігі нұсқаулықары;

- Сыйақы тағайындау;
- Лауазымдық міндеттер;
- Педагогикалық кеңес туралы

Басшылық төмендігі қағидаларды басшылыққа алады.
- оқыту- тәрбиелеу үрдісіне қолайлы жағдай жасау, үдеріске қатысушылардың әлеуметтік тұрғыда қорғаныс жасау арқылы гуманистік басқару;
- өзі білімін жетілдіру мүмкіндігі және ынтымақтастығын құру, серіктестік негізінде білім беру субъектілерінің демократиялық өзара қарым-қатынасын қолдау;
- ғылым мен техниканың жетістіктерін қолдану арқылы басқаруды ғылыми тұрғыда жүргізу;
- әкімшілік басқару мен өзіндік басқару жұмысын шабыстыру.

Басқару әрекеті бөбекжай-балабақшаның барлық саласын демократиялық негізде бақылау түрінде жүргізіледі. Білім беру үрдісінің кемшіліктері мен жетістіктері педагогикалық кеңесте қаралады. Басқару процесіне кәсіподақ ұйымы мен ата-аналар комитеті белсене қатысады. Басқару жұмысы жылдық жоспарда көрсетіледі.

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы»-да «Білім туралы» Заңына, МДҰ Жарғысына сәйкес жалпы мақсатты көздейтін оқыту және тәрбиелеу процесін жүргізетін педагогтер ұжымы бар. Педагогикалық ұжыммен жұмысты ұйымдастыру бойынша әкімшілік қауымдасқан, біріккен команда құру принципіне жүгінеді.

МДҰ-да әкімшілік басқаруды меңгеруші және әдіскер жүргізеді. Балабақша меңгерушісінің негізгі функциясы білім беру үдерісіне қатысушылардың жұмысы педагогикалық кеңес және басқа да мемлекеттік-қоғамдық ұйымдар арқылы реттейді. Әдіскер оқыту, тәрбиелеу бағыттары бойынша өз жұмысын жасайды.

ҰОҚ-і бекітілген жоспар бойынша жұмыс жүргізеді. МДҰ-н оқыту-тәрбиелеу, әдістемелік, ата-аналармен жұмыс жасау мәселелері педагогикалық кеңесте шешіледі.

Әкімшіліктің негізгі қызметін реттейтін басқару аппараты: меңгеруші жанындағы кеңес, педагогикалық кеңес, өндірістік жиналыс, жалпы ұжым жиналысы. Осы аталған отырыстарда балабақшаның мәселелері, есептер, тексеріс қорытындылары, ақпаратпен алмасу жүреді.

Балабақша Жарғысына, лауазымдық міндеттерге, штаттық кестеге байланысты <u>әкімшіліктің міндеттемелері</u> бөлінген. Басқару жүйесі жеке (меңгеруші, әдіскер, педагогтер) және коллегиялық ұйым (Педагогикалық кеңес, әдістемелік отырыс, өндірістік жиналыс, жалпы ұжым жиналысы) арқылы жүзеге асырылған. Әдіскер оқыту, тәрбиелеу бағыттары бойынша өз жұмысын жасаған.

Балабақшаның барлық салаларының, бүкіл ұжымның толық мақсатты түрде қызмет істеуіне әкімшіліктің басқаруын қамтамасыз етеді. Әкімшіліктің өзіне тиісті міндеттерді дұрыс бөлу – ұжымдық басқару және оның қызметін ұйымдастыруды қалыптастырады.

Әкімшілік басқару қызметі бойынша медбикенің, шаруашылық меңгерушісінің, қоймашының құжаттарының жүргізілуі тексеріледі.

<u>Медбикелердің құжаттары</u> (медбикелер: Хансұлтанова Г.К.,Кемесинова Б.) ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 17 ақпанындағы №10275 негізінде «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» бойынша жинақталған. Сол талапқай сай медбикеде нормативтік құжаттар, нұсқаулықтар, кеңестер папкаларының жинағы бар. Медбикенің бақылау функциясы бойынша ай, апта, күн сайын топ аралап, балалар қатысымы, аурулары, топтың санитариялық жағдайы және балалардың мәдени- гигиеналық талаптары орындаулауын қадағалайды. Сонымен қатар балаларды дәрігерлік байқаудан өткізу кестесі, профилактикалық егу шараларының жүргізілуі тексеріледі.

<u>Меңгерушінің шаруа жөніндегі орынбасары (Ж.К.Альмуханова) құжаттары</u> да талапқа сай. Ол өзінің лауазымдық міндеттеріне сай мүліктердің сақталуын, жөнделуінің жүргізу реті, тиісті есеп алым-беру актілері, жылу, жарық, электр, желдеткіш жүйелерінің дұрыс жұмыс

жасауы бойынша құжаттары тексеріледі. Шаруашылық меңгерушісінің еңбек қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі журналдары, жинақ папкалары қаралды. Барлығы талапқа сай.

**14)** МДҰ-ның оқыту-тәрбиелеу әдістемелік жұмысында педагогикалық кеңес басты міндет атқарады және маңызды болып есептеледі. 2019-2020 о.ж. жазғы сауықтыру кезеңінің қорытындысы, 2020-2021 о.ж. жылдық жоспарымен таныстыру, шығармашылық топтың жұмыс жоспарын бекіту,мемлекеттік қызмет көрсету жұмыстарын талқылау қыркүйек айында дәстүрлі түрде, Тақырыптық тексерістің қорытындысы; Заттық ойындарды ұйымдастыру, Монтессори әдісінің элементтерін қолдану, Монтессори әлемінде ҰОҚ қараша айында іскерлік ойын түрінде, 2020-2021о.ж І жарты жылдығына арналған оқу-тәрбие жұмысының қорытынды есебі, аралық диагностика қорытындысы, МД білім мен тәрбие беру жүйесінде АКТ технологиясын тиімді қолдану жолдары, мектеп жасына дейінгі баланыдамытуда ТРИЗ технологиясын қолдану қаңтар айында дөңгелек үстел түрінде, Ата-аналармен жұмыс жоспарын тексеруге арналған тақырыптық тексеріс қорытындысы, МДҰ білім мен тәрбие беру жүйесінде АКТ технологиясын тиімді қолдану жолдары, балабақшадағы ашылған, облыстық эксперименттік алаң жұмысы наурыз айында дәстүрлі түрінде, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың «2020-2021 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастырудың ІІ –ші жарты жылдық қорытынды есебі, тақырыптық тексеріс қорытындысы, б/б-ғы балалардың денсаулығы мен физикалық дамуының жай-күйі, қорытынды диагностика индикаторының қорытындысы, 2020-2021о.ж. балабақшадағы психологиялық-диагностикалық жұмыстар, 2020-2021о.ж. арналған мамандар жұмысының есебі мамыр айында дөңгелек үстел түрінде 5 педагогикалық кеңес өткізілді. Педагогикалық кеңесте тақырыптық тексерістердің анықтамалары, сонымен қатар, педагогикалық кеңестердің шешімдері оқылады. Педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы үнемі бақыланып отырады.

МДҰ-ғы педагогикалық кеңестер жылдық жоспарға сай өткізілген, хаттамалары жазылып нөмірленген, тігілген, мөр басылған.

**15)** Тәрбиеленішілер контингенті туралы.

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» МДҰ-да жалпы тізім бойынша-290 бала. Балалардың құрамы 1-5 жас аралығын қамтиды, барлығы 12 топ, оның ішінде оқыту-тәрбиелеу процесі мемлекеттік тілде жүргізіледі. Топтардағы балалар санының орташа тығыздығы -25 бала.

Соңғы жылдардағы ***бала қатысымы:***

| **Оқу жылы** | **Саны** (*жылдың басы*) |
|---|---|
| 2017-2018 ж. | 215 |
| 2018-2019 ж. | 261 |
| 2019-2020 ж. | 283 |
| 2020-2021 ж. | 227 |

«Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы №254 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес №7«Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» балалар қабылдау жұмысын жүргізеді.. Барлық құжаттар реттелген. Келген балалар құжаттарын қабылдау ережесі, балалар қозғалыс кітабы, жолдамаларын тіркеу журналы талапқа сай жүргізілген. Барлық құжаттар нөмірленген және тігілген.

## 1.2. Кадрлар құрамын талдау

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» мектепке дейінгі ұйымының 5 оқу жылындағы штаттық кестесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысы негізіндегі мектепке дейінгі ұйымдардың үлгі штаттық кестесіне сәйкес құрылған. Штаттық кестелер Хромтау аудандық білім бөлімінің басшысымен бекітілген.*(қосымша №12)*

| №77 қаулысы бойынша | | №7 "Еркетай" Б/Б | |
|---|---|---|---|
| Меңгеруші | 1 | Меңгеруші | 1 |
| Әдіскер | 1 | Әдіскер | 1 |
| Педагог-психолог | 1 | Педагог-психолог | 1 |
| Дефектолог мұғалім | 0,5 | Дефектолог мұғалім | 0,5 |
| Орыс тілі оқытушысы | 1 | Орыс тілі оқытушысы | 1 |
| Музыка жетекшісі | 3 | Музыка жетекшісі | 3 |
| Д/ шынықтыру нұсқаушысы | 2 | Д/шынықтыру нұсқаушысы | 1 |
| Тәрбиешілер | 24 | Тәрбиешілер | 24 |
| Тәрбиеші көмекшісі | 12 | Тәрбиеші көмекшісі | 12 |
| Меңгерушінің шаруашылық жөніндегі орынбасары | 1 | Меңгерушінің шаруашылық жөніндегі орынбасары | 1 |
| Бухгалтер | 1,5 | Бухгалтер | 1,5 |
| Медбике | 1,5 | Медбике | 1,5 |
| Емдәмбике | 0,5 | Емдәмбике | 0,5 |
| Хатшы | 1 | Хатшы | 1 |
| Бас аспаз | 1 | Бас аспаз | 1 |
| Аспаз көмекшісі | 2 | Аспаз көмекшісі | 2 |
| Көмекші жұмысшы | 2 | Жұмысшы | 2 |
| Кастелянша | 1 | Кастелянша | 1 |
| Қоймашы | 1 | Қоймашы | 1 |
| Кір жуу машинасының операторы | 3 | Кір жуу машинасының операторы | 3 |
| Күзетші | 3 | Күзетші | 3 |
| Мекеме жинаушы | 4(0,75 | мекеме жинаушы | 4(0,75) |
| Аула сыпырушы | 1 | Аула сыпырушы | 1 |
| Ғимараттарда кешенді қызмет көрсететін және жөндейтін жұмысшы | 2 | Ғимараттарда кешенді қызмет көрсететін және жөндейтін жұмысшы | 2 |
| Электрик | 0,5 | Электрик | 0,5 |
| Програмист | 0,5 | Программист | 0,5 |
| Бейнелеу өнерінің оқытушысы | 0,5 | Бейнелеу өнерінің оқытушысы | 0,5 |

## 1.3.Тәрбиеленушілер контингенті туралы мәлімет.

1) ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысы және «ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 09 маусымындағы №633 «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес»

«Ақбөбек» бөбекжай-балабақшасы» мектепке дейінгі ұйымына балалар қабылдау жұмысы жүргізілген. Балабақшаға келген ата-ана немесе заңды өкілдер өтініш жазып, балабақшамен келісім шартқа тұрған, оларға көрсетілген мемлекеттік қызмет карточкалары толтырылған. Шартта мекеменің және ата-ананың міндеттері мен құқықтары көрсетілген. Сонымен қатар онда баланың мектепке дейінгі ұйымға бару тәртібі, тамақтану жиілігі, қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін көрсету деңгейі және ұсыну мерзімі, баланы күтіп-бағу ақысының мөлшері және өзге де шарттар айқындалған. Барлық құжаттар реттелген. Келген балалар құжаттарын қабылдау ережесі, балалар қозғалыс кітабы, жолдамаларын тіркеу журналы талапқа сай жүргізілген. Барлық құжаттар нөмірленген және тігілген.

## 1.4.Оқу- материалдық активтер.

1)Балабақша материалдық-техникалық және медициналық, әлеуметтік жағдайы балалардың өмірін қорғау және денсаулығының нығайтуын, интеллектуалдық дамуын, эмоционалдық жағдайын жақсартуды қамтамасыз етеді. Балабақша аумағы қазіргі заман талабына сай жабдықтауды талап етеді. Әр топтың өзінің ойын алаңы бар, жабдықталған. Кіші эстетикалық, архитектуралық ертегі және жануарлар мүсіндері орналасқан. Балабақшаның алаңы балалар ойындарына арналған құралдармен жабдықталған. Балабақшаның 13 кабинеті және 12 топ кабинеттері бар. Барлық топтар мен кабинеттер талапқа сай жиһаздармен, көрнекі, оқу- әдістемелік құралдармен жабдықталған. Балабақшада медициналық бөлме бар, қазіргі заман талабына сай жабдықталған.

Балабақшаның тәрбиеленушілерінің толыққанды дамуы үшін, оқыту- тәрбиелеу үдерісінде педагогтерге қолайлы жағдай туғызу үшін, білім беру процесіне ата-аналарды баулу үшін материалдық базасын жетілдіру қажет.

МТБ-ң негізгі мақсаты техникалық құрал- жабдықтарды уақытында алу, жөндеу жұмыстарын жүргізу, видео, аудиоаппаратарды, дидактикалық құралдарды алу, жиһаздардың болуы, оргтехника, оқу-әдістемелік, көркем әдебиеттерді және т.б. білім беру процесіне қажетті заттарды алу болып табылады.

3)Бөбекжай -балабақшасының территориясы 4049,8 шаршы метрге созылған. Онда әрбір топқа арналған учаскілері бар. Әрбір учаскіге арналған ойын құрылыстары орналасқан. Сонымен қатар көлеңкелі спорттық алаңы бар

Әрбір топты құрайды: балалар қабылдау бөлмесі, ойын және жатын бөлмелері, дәретхана.Топтарда балалардың танымдық қабілетін дамытуға мақсатталған сюжетті, дидактикалық ойындар, әдебиеттер, журналдар топтамасы, әдістемеліктер, көрнекі құралдармен жабдықталған.

Жобалық қуаты- 290 балаға арналған.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 ж.22.01. №70 «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» бұйрығы басшылыққа ала отырып, балабақшаны құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету жұмысы жүргізілген.

Асхана 1- қабатта орналасқан. Өзіне қажетті асты даярлау және пісіру бөлмелері бар. 4-тоңазатқыш, 2 аяздау камерасы, 2 электроплита, 1электр еттартқышы, 1-электроқайнатқыш, 1-электроқазан,1-электротаба бар. Сонымен қатар көкөніс, жемістер қоймасы және құрғақ тағамдарды сақтау бөлмесі бар.

Кір жуу бөлмелерінде (1- қабатта) 2 кір жуу автоматтық машиналар, 1кептіргіш автомат машинасы, 2-үтік,кір үтіктеу үстелі бар.

Медбикенің (1-қабатта) алдын алу екпесі және алдын алу сақтандыру бөлмелері бар. Толық жабдықталған.

Дене шынықтыру залы 1-қабатта орналасқан.Ол гимнастикаға арналған құралдармен жабдықталған.Дене шынықтыру залында ҮОҚ қажетті гимнастикалық доптар,скамейкалар,доғалар,кедергілер, спорттық құралдар: тренажер,велосипедтер,шеңберлер, фитболға арналған төсеніштер мен доптары,кеглилер,құм салынған жэнс керамзит салынған қапшықтар,массажды жол, секіргіш жіптер(скакалка),жалаушалармен, швед қабырғасымен,футбол ойынына арналған қақпа, баскетбол сеткасмен жабдықталған. Сонымен қатар қыс мезгілінде қыс мезгіліндегі ойындар құралы шаңғы таяқшасымен бар.

Музыка залы 2-қабатта орналасқан. Музыка залында музыкалық аспаптармен жабдықталған, ҮОҚ қажетті дидактикалық құралдар бар.Музыкалық орталық,проектор, интер белсенді тақта, заман талабына сай жабдықталған, музыка жетекшілерінің жеке жұмыс жасайтын бөлмесі бар, компьютермен жабдықталған.

2-қабатта GIGO конструктор шеберханасы алаңы орналасқан.

| № | *Жабдықтар* | *Саны* |
|---|---|---|
| | **Кір жуатын бөлме** | |
| 1 | Кір жуатын машина | 3 |
| 2 | Үтік | 2 |
| | **Асхана** | |
| 3 | Электроплита | 2 |
| 4 | Еттартқыш | 1 |
| 5 | Тоңазытқыш | 4 |
| 6 | Мұздатқыш | 2 |
| 7 | электротаба | 1 |
| 8 | электроқазан | 1 |
| 9 | электроқайнатқыш | 1 |
| | **Жалпы құралдар** | |
| 10 | Ноутбук | 3 |
| 11 | компьютер | 9 |
| 8 | Принтер | 8 |
| 9 | Шаңсорғыш | 6 |
| 10 | Дабыл қаққыш және өрт қауіпсіздігі жүйесі | 1 |
| 11 | Өрт сөндіргіш | 24 |

***Кабинеттер:***

Меңгеруші-1

Әдіскер-1

Шаруашылық меңгерушісі-1

Медицина кабинеті- егу-1,

Оқшаулау бөлмесі-1

Психолог-1

Музыка залы-1

Дене шынықтыру залы-1

Бейнелеу кабинеті-1

Есепшілер бөлмесі-1

Топтар-12

Дәретхана-2
Қойма-2
**4)**Қазіргі заманға сай ақпараттық-техникалық база қалыптасқан. Соның ішінде интернет жүйесі, электронды пошта(7erketay@bk.ru) іске қосылған.

Мектепке дейінгі ұйымының әкімшілігі материалдық-техникалық базасының нығаюына үлкен көңіл бөледі. Барлық топтарда, әкімшілік кабинеттерінде ағымдағы жөндеу жұмысы жүргізілді (музыка залының қабырғаларын, асхана іші, медбике бөлмесі,боялды. Топтарда бөлшектеп ыдыс-аяқ ауыстырылды. Бірақ өткізілген материалдық-техникалық базаны жақсарту жұмысы жеткіліксіз, өйткені топтарда бала саны көп болғанына байланысты жұмсақ және қатты инвентарь, жиһаз, ыдыстар алу керек.

Медициналық құралдар СанЕмН талаптарына сай, алғашқы медициналық көмекті көрсету құралдарымен, медициналық қажетті препараттармен, бір рет қолдануға келетін шприцтермен, индикаторлық термометрлермен жабдықталған.

Электр желісінің жағдайы техникалық нормаларға сай.
Өрт сөндірудің щиті алғашқы құралдарымен жабдықталған. МДҰ-да өрт дабылы өткізілген. Терезелер, есіктер қанағаттанарлық күйде.Әрбір эвакуациялау жолдарында «ШЫҒЫС»Өрт және еңбек қауіпсіздігіне жауапты меңгерушінің шаруашылық жөніндегі орынбасары Альмуханова Ж.К.Өрт сөндіргіш құралдары- олардың 2 өрт сөндіргіш щиті, 4 өрт сөндіргіш краны. Дабыл қаққыш «ГРАНИТ» балабақшада эвакуация жолдарының көрсеткіштері, жоспары, кестесі қабырғада орналасқан.

## 1.5. Оқу-әдістемелік жұмыстар

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020 және 2020-2021 о.ж. арналған оқыту мен тәрбиелеу жұмысының жылдық жоспарлары педагогикалық кеңесте қаралып, талқыланып, педагогикалық ұжымның келісуімен бекітіледі. Үш жылдың жылдық жоспарларында балабақшаның проблемасы көрсетілген, 2017-2018 - 2019 -2020 ж.ж. аралығында балабақша «Жеке тұлғаға бағдарланған оқыту технологиясы арқылы тұлғалық қасиеттері қалыптасқан мектеп жасына дейінгі баланың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру» проблемасы бойынша жұмыс істеп келеді. Педагогикалық ұжым аталған проблема бойынша жұмысын қорытындылап, шығармашылық есеп ретінде өзінің тәжірибесін аудан көлемінде таратып, алдағы уақытта аудан деңгейінде семинар өткізілді. 2020-2021 оқу жылынан бастап балабақша жаңартылған білім беру мазмұнына байланнысты «Жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу арқылы «Тұтас бала» бейнесін қалпытастыру» мәселесі бойынша жұмыстануда. МДҰ-ғы оқыту мен тәрбиелеу жұмысының жылдық жоспарын құруда әдістемелік жұмыстарды жетілдіру, оқыту – тәрбиелеу жұмысының мазмұнын жаңалау, баланың танымдық және дене дамуын диагностикалау, түзету жұмысын ұйымдастыру, оқытудың жаңа технологиясын қолдану, ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнату принциптері басшылыққа алынады. Жылдық жоспарда балабақша жұмысының үш негізгі бағыты айқындалып көрсетілген: әлеуметтік-әкімшілік, әдістемелік ұйымдастыру және ата-аналармен жұмыс. Әлеуметтік-әкімшілік бағыты бойынша балабақшаның қоғамдық ортамен бірлестігі, дамытушы ортаны құру, отбасымен серіктестік орнату, педагогтардың кәсіби өсуіне жағдай жасау міндеттері, әдістемелік ұйымдастыру бағыты бойынша байқауларға қатысу, кәсіби біліктіліктерін көтеру міндеттері, сонымен бірге, ата-аналармен жұмыс бағыты бойынша отбасында баланы тәрбиелеуге көмек көрсету, ата-аналарды білім беру үдерісіне тарту, педаго пен ата-ана арасында тиімді серіктестік құру, ата-аналарды

мектепке дейінгі ұйым қызметіне белсенді қатыстыру міндеттері қойылып отыр.Осыған орай, бөбекжай-балабақшаның жылдық жоспары жеті негізгі бөлімнен құрылған:

I бөлім - № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшаның өткен оқу жылында жүргізілген оқу-тәрбие жұмысына талдау;

II бөлім – Педагогтердің кәсіби, теориялық, әдістемелік және іскерлік біліктілігін көтеру;

III бөлім – Педагогикалық кеңес;

IY бөлім – Бақылау мен басшылық;

Y бөлім – Әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру;

YII бөлім – Әкімшілік-шаруашылық жұмыс.

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының оқыту-тәрбиелеу жұмысында бала құқығына, жалпы құқықтық тәрбиеге баса назар аударылады. Педагогтердің құқықтық сауаттылықтарын арттыру, кәсіби құзыреттіліктерін көтеру мақсатында жылдық жоспарда арнайы құқықтық білімдерін көтеру жоспары құрылған. Ай сайын педагогтерге «ҚР-ның тіл туралы Заңы», «ҚР-ның білім туралы Заңы», Президенттің жыл сайынғы жолдаулары, Еңбек кодексі, бала құқығы туралы конвенция, неке және отбасы туралы Заң тақырыптары әдіскер жанындағы кеңестерде немесе әдістемелік кеңестерде оқылып, талқыланады. Жыл сайын педагогикалық ұжымның жаңаруына, жас мамандардың келуіне байланысты үш жылдық жоспарда да әдістемелік кеңесте қаралатын сұрақтардың ішінде бала құқығы туралы Конвенция міндетті түрде қарастырылады. Сонымен бірге, жылдық жоспарда ҚР-ның мемлекеттік рәміздерді насихаттау, құрметтеуге байланысты арнайы жоспар құрылған. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласындағы бастамаларын қолдай отырып,оның идеяларын іске асыру бойынша да балабақшада бірқатар іс-шаралар өткізіліп тұрады. Жоспарға сәйкес, балабақша тәрбиеленушілерімен желтоқсан айында «Елтаңбамен еңселі, Әнұранмен айбатты, Туымен тұғырлы, Қазақстаным!» апталығы ұйымдастырылып, сол апталықтың шеңберінде танымдық тәрбие оқу қызметтері, «Аспанда күн жарқырайды» суреттер байқауы, ересек топтар арасында «Менің рәміздерім-менің мақтанышым» портфолио көрмесі, сонымен бірге, маусым айындағы рәміздер күніне орай, «Мемлекеттік рәміздер» күні жоспарланып, ересек, мектепалды даярлық топтың балалары арасында «Президент таңдаған Гимн» тақырыптарында гимн айтудан сайыс өткізіліп, флеш-моб түрінде де ұйымдастырылып тұрады. Сонымен бірге, балабақшаның төменгі қабатында орналасқан «Ата-аналар,сіздер үшін» стендтің бір бұрышы бала құқығына арналған. Осы мақсатта балабақшаның құқықтық ақпараттық жұмысы тағы бір стендпен толықты, бірінші қабатта балаларға арналған «Мен -баламын, менің құқығым бар» стенді бар, ол стендте баланың не нәрсеге құқықтары бар екендігі анық жазылған, барлық педагогтер мен ата-аналарға пайдалы мәліметтер келтірілген. Жыл сайын құқықтық тәрбиеге мән берудің арқасында балабақшамыздың тәрбиеленушілерінің ертеңгіліктерде, ашық көрсетілімдерде, танымдық іс-әрекеттерде құқықтық білімдерінің бар екендігін байқауға болады. Сұрақ-жауап, әңгімелесу арқылы балалардың туған жері, Отаны, мемлекетіміздің рәміздері туралы түсініктерінің қалыптасқандығы байқалады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес, мектеп жасына дейінгі баланың қоғамда толыққанды өмір сүру үшін қажетті білім, білік, дағдыларды, нормаларды, қағидаларды меңгеру арқылы баланың әлеуметтік ортаға ену процесі, мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жүйесі, креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді

дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру - № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының тәрбие мен оқыту үдерісінің басты мақсаттарының бірі болып табылады. Осы мақсатты көздей отырып, № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы баланың жеке, шығармашылық, креативтілік дағдылары мен қабілеттерінің дамуы мен қалыптасуына көп көңіл бөледі. Осы бағытта балабақшада бірқатар іс-шаралар жоспарланған: «Ертегілер әлеміне саяхат», «Мен және менің құқығым», «Елтаңбамен еңселі, Әнұранмен айбатты, Туымен тұғырлы, Қазақстаным!» , «Қысқы ойындар», «Әрбір бала – бір жұлдыз, жарқырауына көмектес», өртке қарсы қауіпсіздікке үйрету, жолда жүру ережелерін меңгертуге арналған тақырыптық апталықтар өткізіліп тұрады. Сонымен қатар, баланың жеке қабілеттерін ашуға бағытталған іс-шаралар да өткізіледі: балалардың ертегі айтып, мазмұнды айта білуге тәрбиелейтін, ертегіні сүюге талпындыратын «Үздік ертегі айту», бүлдіршіндердің сөйлеу тілдерін дамытып, олардың математикалық білімдерін толықтыратын «Үздік санамақ», қыз балалардың арасында шығармашыл, қабілетті қыздарды анықтауға көмектесетін «Балабақша ханшайымы», бүлдіршіндердің балабақшаға бейімделуіне байланысты өткізілетін «Епті балақай», тәрбиеленушілерді батаны мәнерлеп оқуға баулитын «Үздік бата оқу», сурет салуға қабілеті, дарыны бар балақайларды айқындап беретін «Кішкентай суретші», жеке шығармашылық, креативтілік дағдыларды, бойында бар жасырын қабілеттерді көруге мүмкіндік беретін «Айгөлек» ән-би байқауы, ер балалардың арасында мықтыларды көрсететін «Жігіт сұлтаны», тәрбиеленушілерді көркем әдебиетке , соның ішінде тақпақ, өлеңді мәнерлеп оқуға баулитын «Үздік мәнерлеп оқу», бес білім саласы бойынша білімдер мен дағдыларды меңгеріп, баланың ақылы мен зияткерлігін анықтайтын «Балабақша майталманы» байқауларының тиімділігі өте жоғары болып келеді.

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасында оқыту-тәрбиелеу жұмысы келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңарту шеңберінде мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту және тәрбиелеу үдерісін тиімді ұйымдастыруға қабілетті мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби шеберлігін жетілдіру;
2. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау;
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесі алдына Модельді іске асыруда балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жауапкершілікті жүзеге асыруда ата-аналарға көмек көрсету жолымен оларды педагогикалық процеске белсенді қатысушылар ретінде тарту.

**2017-2018** оқу жылында негізгі оқу жоспарының мазмұны «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі заңының 5-бабының 6-шы тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген 2016 жылғы 22-ші маусымындағы № 391 бұйрығы негізінде бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыру және базалық оқу жоспарын басшылыққа ала отырып балабақшаның оқу жоспары жасалды.

**2017-2018** оқу жылының жүктеме сағаттары. Білім салалары бойынша:
**I кіші топ:** «Денсаулық»-108 сағат, «Коммуникация»-36 сағат, «Таным»-72 сағат, «Шығармашылық»-108 сағатты құрады. Барлығы -324 сағат;

**ІІ кіші топ**: «Денсаулық»-108 сағат, «Коммуникация»-72 сағат, «Таным»-90 сағат, «Шығармашылық»-108 сағат, «Әлеумет» -18 сағатты құрады. Барлығы -396 сағат; Вариативтік компонент 1 сағат: 1) «Ақылды балақай» -36 сағат.

**Ортаңғы топ**: «Денсаулық»-108 сағат, «Коммуникация» -90 сағат, «Таным»-90сағ, «Шығармашылық»-126 сағат, «Әлеумет» -18 сағат құрады. Барлығы -432 сағат; Вариативтік компонент 2 сағат: 1) «Шебер лэпбук» - 36сағат; 2) «Сиқырлы асық» - 36 сағат.

**Ересектер тобы**: «Денсаулық» - 108 сағат, «Коммуникация» - 180 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 180 сағат, «Әлеумет» - 54 сағат құрады. Барлығы – 612 сағат. Вариативтік компонент 3 сағат: 1) «Балабақша түлегінің портфолиосы» - 36 сағат; 2) «Робототехника кеңістігінде» - 36 сағат; 3) «Кішкентай вайнер» - 36 сағат.

**2018-2019** оқу жылының оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңының» 2007 жылғы 27 шілдедегі 5-бабының 6-тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13-мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген 2016 жылдың 22-маусымындағы № 391 бұйрығы негізінде бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыру және базалық оқу жоспары негізінде құрылды.

**2018-2019** оқу жылының жүктеме сағаттары. Білім салалары бойынша:

**Ерте жас тобы:** «Денсаулық» -108 сағат, «Коммуникация»-36 сағат, «Таным»-36 сағат, «Шығармашылық»-72 сағатты құрады. Барлығы -252 сағат;

**І кіші топ**: «Денсаулық» -108 сағат, «Коммуникация»-36 сағат, «Таным»-72 сағат, «Шығармашылық»-108 сағатты құрады. Барлығы -324 сағат;

**ІІ кіші топ**: «Денсаулық» -108 сағат, «Коммуникация» - 72 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық»-108 сағат, «Әлеумет» -18 сағатты құрады. Барлығы -396 сағат; Вариативтік компонент «Монтессори әлемі» -36 сағат.

**Ортаңғы топ**: «Денсаулық»-108 сағат, «Коммуникация»-90 сағат, «Таным»-90сағ, «Шығармашылық» - 126 сағат, «Әлеумет» -18 сағат құрады. Барлығы -432 сағат. Вариативтік компонент 2 сағат: 1) «Арт-терапия сиқыры» - 36сағат; 2) «Қауіпсіздік әліппесі» - 36 сағат.

**Ересектер тобы**: «Денсаулық» - 108 сағат, «Коммуникация» - 180 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 180 сағат, «Әлеумет» - 54 сағат құрады. Барлығы – 612 сағат. Вариативтік компонент 3 сағат: 1) «Кішкентай зерттеуші» - 36 сағат; 2) «Өзіміз жасаймыз» - 36 сағат; 3) «Тілмаш» - 36 сағат.

**2019-2020** оқу жылының оқу жұмыс жоспарының мазмұны Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптарына сәйкес құрылған.

Типтік оқыту жоспары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту негізгі ережелер 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы негізінде және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 маусымдағы № 391 бұйрығымен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 қазандағы № 556 бұйрығы, сонымен қатар «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2019-2020 оқу жылында білім процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік – нұсқау хатын» негізге ала отырып құрылды.

**2019-2020** оқу жылының жүктеме сағаттары. Білім салалары бойынша:

**Ерте жас тобы:** «Денсаулық» -108 сағат, «Коммуникация»-36 сағат, «Таным»-36 сағат, «Шығармашылық»-72 сағатты құрады. Барлығы -252 сағат;

**Кіші топ**: «Денсаулық» -108 сағат, «Коммуникация»-36 сағат, «Таным»-72 сағат, «Шығармашылық»-108 сағатты құрады. Барлығы -324 сағат.

**Ортаңғы топ**: «Денсаулық» -108 сағат, «Коммуникация» -36 сағат, «Таным»-90 сағ, «Шығармашылық» -108 сағат, «Әлеумет» -18 сағат құрады. Барлығы -396 сағат. Вариативтік компонент қазақ топтарында 1 сағат: 1) «Сиқырлы бояу» - 36 сағат.

**Ересек топ**: «Денсаулық» - 108 сағат, «Коммуникация» - 90 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 126 сағат, «Әлеумет» - 18 сағат құрады. Барлығы – 432 сағат. Вариативтік компонент 2 сағат: 1) «Ақылды балақай» - 36 сағат; 2) «Қауіпсіздік әліппесі» - 36 сағат.

**Мектепалды даярлық тобы**: «Денсаулық» - 108 сағат, «Коммуникация» - 180 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 180 сағат, «Әлеумет» - 54 сағатты құрады. Барлығы – 612 сағат. Вариативтік компонент 3 сағат: 1) «Кішкентай ғалым» - 36 сағат; 2) «Эмоциялар әлемі» - 36 сағат; 3) «Туған өлкем – Хромтау!» - 36 сағат.

**2020 – 2021** оқу жылының оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптарына сәйкес құрылған.

Типтік оқыту жоспары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту негізгі ережелер 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістер енгізілген №182 05.05.2020 ж.) негізінде, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістер енгізілген №195 12.05.2020 ж.), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 13.08.2020 ж. № 345 бұйрығы, «Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепалды даярлық топтарында/сыныптарында тәрбие – білім беру процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар», сонымен қатар «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2020-2021 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік – нұсқау хаты» негізге алынып құрылды.

**2020-2021** оқу жылының жүктеме сағаттары. Білім салалары бойынша **Кіші топ**: «Денсаулық»-108 сағат, «Қатынас»-36 сағат, «Таным»-72 сағат, «Шығармашылық»-108 сағатты құрады. Барлығы -324 сағат;

**Ортаңғы топ**: «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас»– 72 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 108 сағат, «Әлеумет» - 18 сағатты құрады. Барлығы қазақ тобында – 396 сағат. Вариативтік компонент 1 сағат: «Көңілді дидактика» - 36 сағат.

**Ересек топ**: «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас» қазақ тобында - 90 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 126 сағат, «Әлеумет» - 18 сағатты құрады, барлығы қазақ тобында – 432 сағат. Вариативтік компонент 2 сағат: 1) «Табиғатым –тамаша!» - 36 сағат, 2) «Өнерлі балақай» - 36 сағат.

**Мектепалды даярлық тобы**: «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас» қазақ тобында – 180 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 180 сағат, «Әлеумет» - 54 сағатты құрады, барлығы қазақ тобында – 612 сағат. Вариативтік компонент қазақ тобында 3 сағат: 1) «Табиғаттың кішкентай қорғаушылары» - 36 сағат, 2) «Стретчинг әлемінде» - 36 сағат, 3) «Робототехника кеңістігінде» - 36 сағат.

Жалпы ҰОҚ-інің кестесін құруда төмендегідей принциптер басшылыққа алынды: мектеп жасына дейінгі баланың қимыл-қозғалыс белсенділігін қамтамасыз ету және балаларға тереңірек, жан-жақты, жүйелі білім беру мақсатында барлық топтарда музыка, дене шынықтыру, сурет салу, орыс тілі, ағылшын тілі (болған кезде) ҰОҚ-і, өз

кабинеттерінде өтуі тиіс, баланың бойына түсетін салмақ пен физикалық жүктемелерге байланысты дене шынықтыру ҰОҚ-інің алдында үзіліс беру, балабақшадағы қосымша кабинеттердің бір-бірінен орналасу қашықтықтарына сәйкес,баланың бару,келу мүмкіндіктерін ескеру (қашық орналасқан кабинетке бару үшін 10 минуттық үзіліс), балабақша тәрбиеленушілеріне толыққанды әрі жүйелі білім және тәрбие беру үшін оқу жүктемесінің максималды уақытын беру. Төрт жылдың ҰОҚ-нің кестелері де СанЕмН-ге сәйкес құрылды, күн тәртібінде белгіленген уақытта оқу қызметтерін өткізу жоспарланды.Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталған;

2) оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталған.

Перспективалық жоспарға сәйкес әр апта бойынша балалардың әлеуметтік дағдылары мен өз бетінше оқып-үйрену дағдыларын дамытуға бағытталған ортақ тақырыптарды жан-жақты зерделеуге арналған апталық жоспар (циклограмма) жасалған. Циклограммада санитариялық ережелер талаптарына сәйкес балалардың жас ерекшеліктері ескерілген. Барлық құжаттар толығымен жинақталған.

Балабақша педагогтары 2019-2020-2020-2021 оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде жаңартылған білім мазмұнын бағдарламаның негізгі идеяларын: 4К моделі:сыни ойлау, креативтілік, коммуникативтілік, командада жұмыс істеу,тұтас бала бейнесін қалыптастыруда бала үнін тыңдау,баланың қажеттіліктерін ескеруді енгізіп, қолданып келеді.

Ойын арқылы оқыту, яғни педагог жетекшілігімен ойын,құрылымдалған ойын,еркін ойын басшылыққа алып жұмыс жүргізуде. 2019-2020, 2020-2021 о.ж. апталық циклограммада 4К моделі, 3 ойын, бала үні,бақылау,кері байланыс іс-тәжірибеге енгізіліп, 2019-2020, 2020-2021 о.ж. перспективалық жоспарды смарт мақсат яғни, балаға бағатталған мақсатпен жұмыс жасауда.

Шығармашылықты, коммуникабельділікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істеу дағдыларыны дамытуға бағытталған ойындар тапсырмаларда қарастырылған.

Балабақшаның мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру , жағдайларын жасау, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсаты арқылы жоспарланған. Аталған бағытта міндеттерді орындау мақсатында баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдарын қарастырып, оқу-тәрбие жұмысы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарларына, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылды.

Білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына негізделген.

Қозғалыс, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білімдерді, біліктер мен дағдыларды, өз бетінше оқу дағдыларын қалыптастыру үлгілік оқу бағдарламасы бойынша тақырыптық матеиралдар топтамасын қолдануда. Тәрбие мен оқытудың мазмұны – «Денсулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолымен іске асырылды.

Перспективалық жоспарлар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сай құрылған, өтпелі тақырыптары көрсетілген. Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін орындауды талапқа сай қарастырылған.

Жазғы маусым кезеңіне арналған ҰОҚ-нің кестесін құруда балаларға салмақ түсірмеу, еркін іс-әрекетке мүмкіндік жасау, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, жазғы сауықтыру кезеңіне сәйкес балалардың дендерін шынықтыру, денсаулықтарына оң әсер тигізу принциптері негізге алынды. Осыған орай, барлық топтарда дене шынықтыру, музыка, сурет салу, жапсыру мен мүсіндеу ҰОҚ –і кестеге енді. Дене шынықтыру оқу қызметін далада, таза ауада өткізу міндеттелді. Жазғы маусымдық оқу қызметінің кестесіне балалардың тілдерін дамыту, жаттықтыру, көркем әдебиетке баулу мақсатында көркем әдебиет, тіл дамыту оқу іс-әрекеттері қосылды. Жазғы оқу қызметінің кестесін құру кезінде базистік оқу жоспарында белгіленген сағат көлемі негізге алынып, әзірленді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі заңының 5-бабының 6-шы тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген 2016 жылғы 22-ші маусымындағы № 391 бұйрығы негізінде, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту негізгі ережелер 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы негізінде, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 қазандағы № 556 бұйрығы негізінде, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту негізгі ережелер 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістер енгізілген №182 05.05.2020 ж.) негізінде, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістер енгізілген № 195 12.05.2020 ж.), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 13.08.2020 ж. № 345 бұйрығы негізінде соңғы 4 жылда, яғни 2017-2018 оқу жылы, 2018-2019 оқу жылы, 2019-2020 оқу жылы, 2020-2021 оқу жылдарында, педагогикалық процесті ұйымдастыру және базалық мазмұнының толықтыру мақсатында төмендегідей адаптивтік бағдарламалар қолданылады:

1.«Ақылды балақай» /1сағ/ - II кіші топ

Мақсаты: Халық ауыз әдебиеті нұсқаларын тиімді пайдалану арқылы, балалардың тілін дамыту, сөздік қорын молайту.

Құрастырушы № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі Д.Сейсенбаева;

2. «Шебер лэпбук» /1 сағ/ - ортаңғы топ

Мақсаты: Лэпбук арқылы балалардың тілдерін, танымдық қабілеттерін дамыту;

Құрастырушы № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі К.Мурзагулова

3. «Сиқырлы асық» /1 сағ/- ортаңғы топ

Мақсаты: Асықты жан-жақты зерттеу, заманға лайықтап қолдану аясын кеңейту, балалардың танымдық қабілеттерін дамыту.

Құрастырушы № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі Э.Жанмолдаева;

4. «Кішкентай вайнер» /1 сағ/- ересек топ

Мақсаты: Драматизациялық ойындар арқылы балалардың актерлік шеберліктерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, заманауи әдіс-вайн түсіріп үйрету

Құрастырушы № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының музыка жетекшісі Р.Исмағанбетова;

**5**. «Балабақша түлегінің портфолиосы» /1 сағ/- ересек топ
Мақсаты: Баланың білім алу процесі бойынша есеп беру, оның алған білімдері мен біліктерін іс жүзінде қолдана білу қабілетін көрсету, әрбір түлектің портфолиосын жинақтау.
Құрастырушы № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі Б.Дүйсенбина;
**6**. «Робототехника кеңістігінде» /1 сағ/- ересек топ
Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балаларда робототехниканың негізгі дағдыларын қалыптастыру.
Құрастырушы № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі Т.Раймбаева;
**7.** «Монтессори әлемі» /1 сағат/ - II кіші топ
Құрастырушы № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі Т.Раймбаева;
**8.** «Арт-терапия сиқыры» /1 сағат/ - ортаңғы топ
Құрастырушы № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының дене шынықтыру нұсқаушысы Г.Құрманбаева;
**9.** «Қауіпсіздік әліппесі» /1 сағат/ - ортаңғы топ
Құрастырушы № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының әдіскері И.А.Джанадилова;
**10.** «Тілмаш» /1 сағат/ - ересек топ
Құрастырушы № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының ағылшын тілінің оқытушысы Г.Кожамуратова;
**11.** «Өзіміз жасаймыз» /1 сағат/ - ересек топ
Құрастырушы № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының әдіскері И.А.Джанадилова;
**12.** «Кішкентай зерттеуші» /1 сағат/ - ересек топ
Құрастырушы № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі К.Мурзагулова;
**13.**«Сиқырлы бояу» /1сағ/ - ортаңғы топ
Мақсаты: Дәстүрден тыс сурет салудың техникасы арқылы баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту
Құрастырушы МКҚК № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының педагогі Г.Құрманбаева;
**14.** «Ақылды балақай» /1 сағ/ - ересек топ
Мақсаты: Халық ауыз әдебиеті үлгілері арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту.
Құрастырушы МКҚК № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі Б.Дүйсенбина;
**15.** «Қауіпсіздік әліппесі» /1 сағ/- ересек топ
Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі баланың өмір қауіпсіздігінің дағдыларын қалыптастыру
Құрастырушы МКҚК № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі Т.Раймбаева;
**16**. «Эмоциялар әлемі» /1 сағ/- мектепалды даярлық топ
Мақсаты: Эмоцияларды, түрлі сезімдерді білдіре білуге үйрету.
Құрастырушы МКҚК № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының педагогі Г.Кожамуратова;
17. «Туған өлкем-Хромтау» /1 сағ/- мектепалды даярлық топ
Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі баланың өлкені тану арқылы патриоттық сезімге тәрбиелеу.
Құрастырушы МКҚК № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының әдіскері И.А.Джанадилова;
18. «Кішкентай ғалым» /1 сағ/- мектепалды даярлық топ
Мақсаты: балалардың танымдық-зерттеушілік қабілеттерін дамыту.
Құрастырушы МКҚК № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының әдіскері И.А.Джанадилова;
**19.** «Көңілді дидактика» /1 сағ/- ортаңғы топ
Мақсаты: дидактикалық ойындар арқылы баланың креативтілік қабілеттерін дамыту.
Құрастырушы МКҚК № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының тәрбиеші Д.Жакибаева;
**20.** «Өнерлі балақай» /1 сағ/- ересек топ
Мақсаты: шығармашылық жұмыстар арқылы баланың креативтілік қабілеттерін дамыту.
Құрастырушы МКҚК № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының тәрбиеші Б.Дүйсенбина;

**21.** «Табиғатым - тамаша» /1 сағ/- ересек топ
Мақсаты: мектеп жасына дейінгі баланың экологиялық білімін қалыптастыру.
Құрастырушы МКҚК № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының тәрбиеші Б.Дүйсенбина;
**22.** «Робототехника кеңістігінде» /1 сағ/- мектепалды даярлық топ
Мақсаты: робот техникасы арқылы баланың құрастыру дағдыларын дамыту.
Құрастырушы МКҚК № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының тәрбиеші Т.Раймбаева;
**23.** «Стретчинг әлемінде» /1 сағ/- мектепалды даярлық топ
Мақсаты: стретчинг элементтерін қолдану арқылы баланың денсаулығын нығайту.
Құрастырушы МКҚК № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының дене шынықтыру нұсқаушысы Г.Құрманбаева;
**24.** «Табиғаттың кішкентай қорғаушылары» /1 сағ/- мектепалды даярлық топ
Мақсаты: балалардың экологиялық мәдениетін дамыту.
Құрастырушы МКҚК № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының тәрбиеші Д.Жакибаева.

Барлық бейімделген бағдарламалар Хромтау аудандық білім бөлімінің сараптау комиссия шешімімен 28.08.2017 ж. № 1 бұйрығымен, 07.09.2018 ж. № 555/1 хаттамасымен, 16.09.2019 ж. № 325/1 хаттамасымен бекітілді. Айта кету керек, осы жылдар аралығында жазылған бағдарламалардың тақырыптары әр жылдың әдістемелік нұсқау хаттарына сәйкес және «Балаларды ерте дамыту институты» (бұрынғы «Мектепке дейінгі балалық шақ» орталығының) бейіндік бағдарламаларды жазуға арналған нұсқаулықтарда айтылған кеңестер мен ұсынымдарды ескере отырып, жазылды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненттері балалардың жас ерекешеліктерін ескере отырып, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының: «Денсаулық», «Қатынас», «Шығармашылық», «Таным», «Әлеумет» білім беру салаларын кіріктіре отырып, педагогикалық процесті ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушілердің танымдық, психологиялық, тұлғалық қабілеттері мен ерекшеліктерін дамыту мақсатында денсаулық сақтау технологиялары, жобалау технологиясы, ТРИЗ және М.Монтессори технологиялары, робототехника, Gigo конструкторлар қолданылып келеді. Сонымен бірге, балалармен күнделікті жұмыс істеу барысында балабақша педагогтері эбру технологиясы, дәстүрден тыс сурет салу, құм терапиясы, ертегі терапиясы, музыка терапиясы, ойын, сахналау, драматизациялау, слайд-шоу сияқты оқыту мен тәрбиелеудің белсенді формаларын қолданып келеді. МДҰ-да қолданылатын оқыту мен тәрбиелеудің түрлері мен әдіс-тәсілдерді таңдауда балабақша тәрбиеленушілердің жеке қабілеттері мен ерекшеліктері және мүмкіндіктері ескеріледі. Кіші жастағы балалар арасында денсаулық сақтау технологияларына мән берілсе, ересек және мектепалды даярлық топтың балалары арасында олардың танымдық, зерттеушілік қабілеттерін дамыту мақсатнида жобалау, эксперимент жүргізу сияқты әдістер кеңінен қолданылады.

**2017-2018 оқу жылында балабақшада облыстық деңгейде ашылған үш жылдық эксперименттік жұмыс аяқталды.**

Эксперименттік жұмыс жүргізу, эксперименттік алаң ашу – бұл да балабақшаның оқыту мен тәрбиелеу үдерісінің заманауи технологиялардың бірі болып саналатын және біздің балабақшамыздың үздіксіз жүргізілетін жұмыстарының біріне айналды. Осы бағытта жылдар бойы балабақша облыстық деңгейдегі эксперименттік жұмыстарды жүргізіп келеді. 2015 жылдан басталған «Монтессори әлемінде» эксперименттік жұмысы басталып, 2017-2018 оқу жылында сәтті аяқталды.

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасында Монтессори әдісін қолдану бойынша эксперимент жұмысы облыстық деңгейде үш жыл бойы жүргізілді. Монтессоридің «Баланың барлық өмірі оның өзін өзі жетілдіруге талпынысы»-дегеніндей балабақшамызда

бұл әдіс бойынша 2 топтың 4 тәрбиешісінен құралған шығармашылық топ қызмет атқарды. «Әрекетіміз дұрыс болу үшін оған баратын жолымыз қандай болуы керек екенін анықтап алуға тиіспіз» деген екен ұлы ғұлама Әл-Фараби.
Эксперимент жүргізудің бірнеше жұмыс кезеңдері қойылды:

- Болжаулық
- Теоретикалық
- Ұйымдастыру
- Мониторингті
- Дайындық
- Тәжірибелік
- Қорытынды
- Реттеушілік

Эксперименттік жұмыс барысында сенсорлық дамыту, математика, өмірлік жаттығулар аймақтары белгіленеді. М.Монтессори жүйесі бойынша мынадай 6 аймаққа бөлінеді.
1. Сенсорлық (сезім) дамыту.
2. Математика.
3. Өмірлік жаттығулар.
4. Тіл дамыту.
5. Ғарыш.
6. Қозғалысты дамыту.

Балабақшада жоғарыда аталған аймақтар бойынша Монтессори кабинеті жабдықталды. Монтессори педагогтың іс-әрекетінің үш жүйелі кезеңдерін белгіледі: бірінші кезеңде эксперимент бойынша материалдар жинақталып, зерделенді, екінші кезеңде тақырып бойынша жұмыстар атқарылып, іс-тәжірибеге енгізілді, үшінші кезеңде балалар іс-әрекетпен өздері айналыса бастады. «Егер осы жаттығулармен бала өзі айналыса бастаса, тәрбиеші кедергі жасамауы керек, себебі бұл баланың қызығушылығы табиғи заңдарға сәйкес келеді және белсенділік циклін ашады». Эксперименттті қорытындылау сәтінде балабақша өз жұмысын аудан және облыс көлемінде ашық есік күнін өткізу арқылы жүзеге асырды. Шығармашылық топ үш кезеңнің жұмысын сараптап, жинақтап, нәтижесін шығарады. Әдіскер И.А.Джанадилованің «Ақтөбе ұстазы» газетіне мақаласы шықты, обыстық деңгейде тәрбиеші А.Елеуова іс-тәжірибесімен бөлісіп, алғыс хатпен марапатталды. Аудандық деңгейде балабақша Монтессори эксперименттік жұмысы бойынша іс-тәжірибесімен бөлісіп, қорытынды семинар көрсетті.

**2018-2019 оқу жылында облыстық деңгейде жаңа эксперименттік жұмыс басталды.** Ақтөбе облысының білім басқармасының 05.10.2018 ж. № 329 бұйрығымен, Хромтау аудандық білім бөлімінің 17.10.2018 ж. № 656 бұйрығымен, балабақшаішілік 17.10.2018 ж. № 15/1 бұйрығымен «Робототехника арқылы баланың құрастыру қбілетін дамыту» тақырыбында облыстық үш жылдық эксперимент жұмысы басталды. Жылдық жоспар 2018-2019, 2019-2020 және 2020-2021 ж.ж. арнап құрылды, аудандық білім бөлімімен бекітілді. Мақсаты: робот техникасының негіздері және құрастырудың қарапайым дағдыларын меңгеру арқылы мектеп жасына дейінгі баланың ғылыми-техникалық және шығармашылық әлеуетін дамыту. Міндеттері:

- мектеп жасына дейінгі баланың робот техникасына қызығушылығын ояту;
- құрастыру бойынша баланың біліктері мен дағдыларын қалыптастыру;
- құрастыру бойынша берілетін тапсырмаларды шешудің алғашқы дағдыларын дамыту;
- LEGO WeDO , ROBOLAB. LEGO DUPLO,LEGO DACTA құрастырудың жаңа түрлерімен таныстыру, жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;

- Мектеп жасына дейінгі баланың әртүрлі жағдайда өз бетінше шешім қабылдау дағдысын және шығармашылық белсенділігін дамыту;
- баланың логикалық ойлау, шығармашылық, есте сақтау, зейін, қиялдау қабілеттерін дамыту.

Жұмыс кезеңдері:

*1-кезең: 2018-2019 –ұйымдастыру ;*

*2-кезең: 2019-2020 – негізгі;*

*3-кезең: 2020-2021-қорытынды.*

Күтілетін нәтиже:

- мектеп жасына дейінгі баланың робот техникасына қызығушылығын ояту;
- берілген нұсқаулық бойынша жұмыс устеу;
- тапсырманы орындау кезінде шығармашылық таныта білу;
- модельді толық құрастыру үшін берілген тапсырманы аяғына дейін жеткізу.

I – ұйымдастыру кезеңінде эксперимент тақырыбы бойынша материалдар жинақталып, жан-жақты зерттелді. Интернет желісі, кітап, журнал, газет беттерінен қажетті ақпараттар алынып, құнды деректер алынды. Эксперимент жұмысы бойынша жұмыс істейтін педагогтер құрамы бекітіліп, шығармашылық топ жасақталды. Эксперимент жүргізу үшін топтың ата-аналарымен алдын ала түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, яғни эксперимент жұмысы туралы, оны жүргізудің тиімділіг, алынған тақырып төңірегінде ата-аналармен жиналыс өткізілді. Балалардың біліктері мен дағдыларының деңгейін анықтау мониторингісі алынды. 2018-2019 оқу жылының қыркүйек айында «Робототехниканы пайдалану арқылы баланың құрастыру қабілетін дамыту» эксперименттік жұмысына арналған II кіші «Ботакан» топтарында балалардан диагноситка алынды. Мақсаты – балалардың эксперименттік жұмыс бойынша біліктері мен дағдыларын меңгеру деңгейін анықтау.

Эксперименттік жұмыс бойынша біліктері мен дағдыларын меңгеру деңгейін анықтау төмендегі критерийлер бойынша анықталды:

- бөлшектердің түстерін атайды;
- бөлшектерді қосып, құрастырады;
- қиялы бойынша қарапайым құрылысты құрастырады;
- үлгіге карап құрастырады;
- бөлшектерді қосу, құрастыру дәлдігі, орындау жылдамдығы.

Алынған диагностиканың нәтижесінде 1-деңгейді 1 бала, 2-деңгейді 15 бала, 3-деңгейді 9 бала көрсетті. Яғни, орташа деңгейдегі бала 60 %-ды, жоғары деңгейдегі бала саны 36 %-ды құрады.

Іс-шаралар жоспарын әзірлеу, педагогтердің біліктілігін және кәсіби құзыреттілігін арттыру, сауалнама алу, кеңестер беру, әңгімелесулер, кездесулерді ұйымдастыру сияқты балалардың, педагогтардың және ата-аналардың бірлескен іс-әрекеті бойынша жұмыстар атқарылды.

Эксперименттік жұмыстың II кезеңінде тақырып бойынша жоспар құрылып, тәжірибеге енгізу жұмыстары жүргізілді. Балабақшаішілік «Робототехника арқылы балалардың құрастыру дағдыларын дамыту жолдары» тақырыбында семинар ұйымдастырылып, эксперимент жұмысын жүргізетін педагогтер әріптестерімен іс-тәжірибесімен бөлісті.

Осы кезеңде «Мектеп жасына дейінгі баланың бойында құрастыру –модельдеу дағдыларын дамыту» тақырыбында кеңестер беру, ашық ҰОҚ өткізілді.

Дидактикалық ойындар, сюжеттік-рольдік ойындар, бақылаулар, эксперимент жүргізу, заттар, схемалар, сызбаларды қарастыру сияқты бірлескен іс-шаралар жүргізілді.

Балалар ме ата-аналар үшін робо-стенді безендіру жұмыстары жүргізілді:

- жадынамалар, жылжымалы папкалар;
- «Балалардың техникалық шығармашылығы» балалардың сурет көрмесі;
- кездесулер;
- интерактивті өзара әрекеттесу.

Сонымен қатар, балабақшада эксперименттік жұмысқа байланысты робототехника кабинеті ашылды. Кабинетте балалардың, ата-аналардың жасаған роботтары және магниттік конструкторлар, LEGO конструкторлар жинақталған.

2020-2021 оқу жылының қорытынды кезеңінде «Балалар роботтармен ойнайды» көрмесі, Республикалық «Робот» байқауына қатысу;курсқа, вебинарға қатысу, «Казроботикс» серіктестік орнату, мониторинг қорытындысы жүргізілді. Эксперимент жұмысын жүргізуге жауапты тәрбиеші Т.Раймбаева аудандық деңгейде өткен эксперимент жұмыстарын көрсету семинарына қатысып, іс-тәжірибесімен бөлісіп, алғыс хатпен марапатталды. Балабақша педагогтері республикалық «Казроботикс» орталығының ұйымдастыруымен өткен вебинарларға қатысып, өз білімдерін жетілдіріп отырды. Балабақша әдіскері И.А.Джанадилованің «Ақтөбе ұстазы» облыстық газетте «Робототехника – балабақшадағы инновациялық технологиялардың бірі» тақырыбында мақаласы жарияланды. «Robobalapan-2020» республикалық деңгейдегі байқауға қатысып, «Роботпен бірге билеу» номинациясы бойынша II орынға, «Робот туралы өлең» номинациясы бойынша II, III орынға, «Робот костюмы» номинациясы бойынша II орынға ие болды. Эксперименттік жұмысты қорытындылап, балабақша педагогтері облыстық деңгейде Ақтөбе облыстық ғылыми - тәжірибелік орталығының ұйымдастыруымен өткен облыстық семинарға қатысып, өз іс-тәжірибелерімен бөлісіп, алғыс хаттармен марапатталды.

Әдістемелік жұмыстардың қорытындысы мектепке дейінгі ұйым аналитикалық жұмыс жүйесі, әдістемелік құжаттардың барын көрсетті. Оқу-тәрбие процесін әдістемелік жағынан қамту мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі. Ұжыммен шешілетін жылдық жоспар өзекті болып табылады, графикалық түрде ұсынылады.

МДҰ-ның оқыту-тәрбиелеу әдістемелік жұмысында педагогикалық кеңес басты міндет атқарады және маңызды болып есептеледі. Педагогикалық кеңесте тақырыптық тексерістердің анықтамалары, сонымен қатар, педагогикалық кеңестердің шешімдері оқылады. № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының жылдық жоспарына сәйкес оқу жылы барысында 5 рет педагогикалық кеңестер ұйымдастырылған. Педагогикалық кеңес отырыстарына хаттама толтырылған. Педагог кадрлар жұмыстарының сұрақтары әкімшілік педагогикалық кеңестерде, кәсіподақ және өндірістік отырыстарда қарастырылады. Педагогикалық кеңестің тақырыптары әр оқу жылының әдістемелік нұсқау хат негізінде таңдап алынып, сонымен бірге жылдық жоспарда алынған негізгі міндеттерді шешуді көздейді. Әр жылдың басында өткізілетін тамыз айының конференциясында айтылған өзекті мәселелерді де қамтуға тырысады. Барлық педагогикалық кеңестер әртүрлі форматта, түрлі формада ұйымдастырылып өткізіледі. Педагогтердің біліктері мен дағдыларын дамыту, педагогикалқ кеңесте талқыланатын мәселелерді тез қабылдап, түсіну, қызығушылық таныту үшін іскерлік ойын, ауызша журнал, дөңгелек үстел, КТК, педагогикалық ринг форматтары өте жиі қолданылып, өзінің тиімді екендігін көрсетті. Соңғы жылдары, яғни 2019-2020, 2020-2021 оқу *жылдарында жаңартылған білім беруге* қатысты тақырыптардың да қамтылғанын байқауға болады.

МДҰ-ғы *педагогикалық кеңестер* жылдық жоспарға сай өткізілен, хаттамалары жазылып нөмірленген, бауланған, мөр басылған. Педагогикалық кеңес тақырыптары дұрыс қойылған. Бұл іс-шаралар оқу–тәрбие жұмыстарын тиімді ұйымдастыруға, жылдық

міндеттерді шешуге бағытталған. Сапалы мектепке дейінгі білім беру (оқыту және тәрбиелеу бағдарламалары, Мемлекеттік білім беру стандарттарына толықтай сәйкестендірілген, вариативті бөлімде экологиялық тәрбие, сахналық қойылымдар, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру сабақтары және т.б. енгізілген).

**2017-2018 оқу жылында** «2017-2018 жаңа оқу жылына арналған негізгі жұмыс істеу бағыттары» дөңгелек үстел түрінде, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының негізінде кіріктіре оқыту» педагогикалық ринг түрінде, «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуда ерекше білім беруді қажет ететін балаларға кешенді педагогикалық-психологиялық қолдау көрсетуді ұйымдастыру» іскерлік ойын түрінде, «Мектепке дейінгі ұйымда басқарудың жаңа әдістері: инновациялар, тәжірибе, эксперимент» аукцион түрінде, «2017-2018 жаңа оқу жылына арналған оқыту-тәрбиелеу жұмысының қорытындысы» ауызша журнал түрінде ұйымдастырылып, аталған тақырыптарда педагогикалық кеңестер өткізілді.

**2018-2019 оқу жылында** «2018-2019 жаңа оқу жылына арналған негізгі жұмыс істеу бағыттары» дөңгелек үстел түрінде, «Мектеп жасына дейінгі баланың дыбыс мәдениетін жетілдіру – сөзді анық және сауатты айтудың негізі» аукцион түрінде, «Мектепке дейінгі балаға адамгершілік-патриоттық тәрбие беру жұмыстарының жаңашыл тәсілдері» педагогикалық ринг түрінде, «Жобалау, зерттеу, эксперимент жұмысы – мектеп жасына дейінгі баланың танымдық-зерттеушілік, зияткерлік іс-әрекетінің негізі» іскерлік ойын түрінде, «2018-2019 жаңа оқу жылына арналған оқыту-тәрбиелеу жұмысының қорытындысы» ауызша журнал түрінде ұйымдастырылып, аталған тақырыптарда педагогикалық кеңестер өткізілді.

**2019-2020 оқу жылында** «2019-2020 жаңа оқу жылына арналған негізгі жұмыс істеу бағыттары» дөңгелек үстел түрінде, «Мектеп жасына дейінгі баланың көркем әдебиет үлгілері арқылы сөйлеу тілін дамыту мен тілдік қарым-қатынасты арттыру жолдары» «Не? Қайда? Қашан?» ойыны түрінде, «Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бағдарламаның түйінді идеясын енгізу арқылы балабақшадағы оқыту мен тәрбиелеу жұмысын ұйымдастыру» КТК ойыны түрінде, «Мектеп жасына дейінгі баланың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау және қорғау дағдысын қалыптастыру» іскерлік ойын түрінде, «2019-2020 жаңа оқу жылына арналған оқыту-тәрбиелеу жұмысының қорытындысы» ауызша журнал түрінде ұйымдастырылып, аталған тақырыптарда педагогикалық кеңестер өткізілді.

**2020-2021 оқу жылында** «2020-2021 жаңа оқу жылына арналған негізгі жұмыс істеу бағыттары» дөңгелек үстел түрінде, «Мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес мектеп жасына дейінгі балаға экологиялық тәрбие беруді жүзеге асырудың тиімді әдіс-тәсілдері» «Не? Қайда? Қашан?» ойыны түрінде, «Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жұмысын ұйымдастыру» КТК ойыны түрінде, «Мектеп жасына дейінгі баланы дамытушы құрал - серуен» іскерлік ойын түрінде, «2020-2021 жаңа оқу жылына арналған оқыту-тәрбиелеу жұмысының қорытындысы» ауызша журнал түрінде ұйымдастырылып, аталған тақырыптарда педагогикалық кеңестер өткізілді.

Балабақшада ұйымдастырылатын *семинарлар*- мектепке дейінгі балалар мекемесінің педагогикалық құрамын даярлаудың тиімді құралы және қызметкерлердің шығармашылық қабілеттерін дамыту тәсілі болып табылады. Семинар практикумы педагогтердің алған білімдерін жүйелеуге және оларды өз алдына қойылған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған арнайы іс-әрекеттерге айналдыруға көмектеседі. Бұл тиімді оқыту әдісі және педагогтің өзін-өзі жетілдіруі болып табылады. МДҰ-ғы семинарлар жылдық жоспарға сай өткізілен, хаттамалары жазылып нөмірленген, бауланған, мөр басылған. Осы мақсатты көздей отырып, балабақшада жылына 3 рет әртүрлі тақырыптарда семинарлар өткізіледі.

Семинарлардың тақырыптары жылдық жоспарда алынған негізгі міндеттерді шешуді көздейді және тамыз айының конференциясында айтылған өзекті мәселелерді де қамтуға тырысады. Соңғы жылдары, яғни 2019-2020, 2020-2021 оқу *жылдарында жаңартылған білім беруге* қатысты тақырыптардың да қамтылғанын байқауға болады. Барлық семинарлар әртүрлі форматта, түрлі формада ұйымдастырылып өткізіледі. Педагогтердің біліктері мен дағдыларын дамыту, семинарда талқыланатын мәселелерді тез қабылдап, түсіну, қызығушылық таныту үшін іскерлік ойын, соның ішінде «Ойлаудың 6 қалпағы» ойыны, брейнг-кофе, семинар-практикум форматтары өте жиі қолданылып, өзінің тиімді екендігін көрсетті.

**2017-2018 оқу жылында** «Мектеп жасына дейінгі бала мен ересектің бірлескен жұмыс формасы - лэпбук» семинар-практикум түрінде, «Мектеп жасына дейінгі баланың танымдық қабілеттерін арттырудағы асықтың маңызы мен ролі» іскерлік ойын түрінде, «Денсаулық сақтау технологиясының заманауи түрлері» кофе-брейк түрінде семинарлар өткізілді.

**2018-2019 оқу жылында** «Балабақшадағы заманауи педагогикалық үдерісіндегі білім беру салаларын кіріктіре оқыту» «Ойлаудың 6 қалпағы» іскерлік ойыны түрінде, «Ата-анамен жұмыс істеудің заманұи әдістері мен тәсілдері» іскерлік ойын түрінде, «Инновациялық технологияларды қолданудағы педагогикалық шеберлік» кофе-брейк түрінде семинарлар өткізілді.

**2019-2020 оқу жылында** «Робототехника арқылы балалардың құрастыру дағдыларын дамыту» экспериментке жауапты педагогтердің өз іс-тәжірибелерімен бөлісу мақсатында шеберлік сыныбы түрінде, «Театрдың заманауи түрлері» іскерлік ойын түрінде, «Тәрбиешінің педагогикалық шеберлігі» кофе-брейк түрінде семинарлар өткізілді.

**2020-2021 оқу жылында** «Мектепке дейінгі ұйымда оқыту және тәрбиелеу процесінде 4 К моделін қолдау: креативтілік, сыни ойлау, коммуникативтік, командалық жұмыс жасау дадғыларын дамыту» іскерлік ойын түрінде, «Танымдық оқиға арқылы баланың қызығушылықтарын арттыру, зерттеушілік қабілеттерін ояту» іскерлік ойын түрінде, «Мектеп жасына дейінгі баланың тұлғаның дамытуда «Бала үнінің» алатын орны мен маңыздылығы» кофе-брейк түрінде семинарлар өткізілді.

Балабақшадағы *әдістемелік кеңес отырысы* - ғылым мен озық педагогикалық тәжірибенің жетістіктеріне негізделген және әр педагогтің құзыреттілігі мен кәсіби шеберлігін жан-жақты арттыруға, тұтастай алғанда педагогикалық ұжымның шығармашылық әлеуетін дамытуға және арттыруға, сайып келгенде, білім беру процесінің сапасы мен тиімділігін арттыруға бағытталған практикалық іс-шаралардың арнайы кешені болып табылады. МДҰ-ғы әдістемелік кеңестер жылдық жоспарға сай өткізілен, хаттамалары жазылып нөмірленген, бауланған, мөр басылған. Әдістемелік кеңесті әдістемелік кеңестің төрайымы өткізеді, хатшысы сайланып, отырыстың хаттамасын рәсімдейді. Әдістемелік кеңестер тақырыптары жылдық жоспардың енгізгі мәселелерін мен міндеттерін шешуді көздейді. Соңғы жылдары, яғни 2019-2020, 2020-2021 оқу *жылдарында жаңартылған білім беруге* қатысты тақырыптардың да қамтылғанын байқауға болады. Барлық әдістемелік кеңестер әртүрлі форматта, түрлі формада ұйымдастырылып өткізіледі. Жылдық жоспарға сәйкес төртінші әдістемелік кеңес үнемі «Педагогикалық идеялар фестивалі» форматында өткізіледі, өйткені балабақшаның педагогтері өздерінің инновациялық қызметін, яғни жыл бойына істеген жобалау жұмыстарының нәтижелерімен бөлісіп, жұмыстарын қорытындылайды.

**2017-2018 оқу жылында** «Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істеудің негізгі бағыттары» дөңгелек үстел түрінде, «Арт-терапияны қолдану арқылы баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту» іскерлік ойын түрінде, «Мнемотехниканы қолдана

отырып, мектеп жасына дейінгі баланың тілі мен қиялын дамыту» іскерлік ойын, «Педагогикалық идеялар фестивалі» аукцион түрінде әдістемелік кеңестер өткізілді.

**2018-2019 оқу жылында** «Педагогті аттестаттау – кәсіби шеберлікті шыңдау» практикум түрінде, «Инклюзивті оқыту: мәселелер, әдіс-тәсілдер, жағдайы» іскерлік ойын түрінде, «Жазғы сауықтыру мерзіміндегі мектеп жасына дейінгі балаға экологиялық тәрбие беру» іскерлік ойын, «Педагогикалық идеялар фестивалі» аукцион түрінде әдістемелік кеңестер өткізілді.

**2019-2020 оқу жылында** «Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес «Таным» білім беру саласы бойынша оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асыру» практикум түрінде, «Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес «Қатынас» білім беру саласы бойынша оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асыру» іскерлік ойын түрінде, «Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес «Денсаулық», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру саласы бойынша оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асыру» практикум түрінде әдістемелік кеңестер өткізілді.

**2020-2021 оқу жылында** «Төтенше жағдай кезінде мектепке дейінгі ұйымдарда қашықтықтан оқытуды тиімді ұйымдастыру» дөңгелек үстел түрінде, «Педагогикалық қызметті тиімді ұйымдастыру барысында тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен оқыту» практикум түрінде, «Педагогикалық идеялар фестивалі» аукцион түрінде әдістемелік кеңестер өткізілді.

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасында логопункт үздіксіз жұмыс істейді. Балабақшада логопед болып 0,5 жүктememen дефектолог жұмыс істеп келеді, мамандығы бойынша дефектолог. Логопедтің жылдық жоспары бар, педагогикалық кеңесте қаралып, бекітілді. Балабақша логопункті аудандық түзету мекемесімен тығыз байланыста жұмыс істейді, жыл сайын түзету орталығына біздің балабақшамыздан тәрбиеленушілер жіберіліп отырады. Логопедтің жұмысы негізгі үш бағыт бойынша жүргізіледі: балалармен жұмыс, ата-аналармен жұмыс және педагогтармен жұмыс.

Мектепке дейінгі ұйымда әдістемелік кабинет заман талабына сай жиһаздармен, компьютермен, әдістемелік әдебиеттер және балалар көркем әдебиеттерімен, дидактикалық ойындармен жабдықталған. Әдістемелік кабинетте тәрбиешілердің іс-тәжірибиесі: фототека, ашық көрсетілімдері, семинарларда өткізген жұмыстары, слайдтары толық жинақталған. Мектепке дейінгі ұйымдағы әдістемелік жұмыс басқарма жұмысы ретінде педагогикалық ұжымның жұмысын, білім беру бағдарламаларының міндеттерін шешуге бағыттайды.

Әдістемелік жұмыстардың қорытындысы мектепке дейінгі ұйым аналитикалық жұмыс жүйесі, әдістемелік құжаттардың барын көрсетті. Оқу-тәрбие процесін әдістемелік жағынан қамту мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі. Ұжыммен шешілетін жылдық жоспар өзекті болып табылады, графикалық түрде ұсынылады.

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының педагогикалық қызметкерлердің дені жас мамандар болғандықтан балабақшаның оқыту мен тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыруда *жас мамандармен жұмыс* ерекше орын алады. Балабақша ашылғаннан бері педагогикалық қызметкерлердің негізгі бөлігін жыл сайын жас мамандар құрап келеді. Осыған байланысты балабақшада жас мамандармен жұмыс дұрыс жолға қойылып, жүйеленіп, нақтыланған және қалыптасқан. Жыл сайын балабақшаға келген жас мамандармен танысу, оларды тәлімгерге бекіту жұмыстары дәстүрлі түрде үздіксіз орындалып келеді, олардан сауалнамалар алынып, түрлі тақырыптарда кеңестер беріліп отырады. Жас маманмен жылдық жоспар құрылып, сол жоспар бойынша жас мамандардың түрлі тақырыптарда отырыстар ұйымдастырылды. Жас мамандардың мектебінің жетекшісі және отырыстарды рәсімдейтін хатшы тағайындалады. Сонымен бірге, жас мамандардың кәсіби шеберліктерін көтеру және мамандығына деген сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін тәрбиелеу мақсатында «Үздік жас маман» балабақшаішілік кәсіби байқау жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Байқауды

өткізу ережесі бар, жоспары бекітілген. Байқау негізі екі кезеңнен тұрады, I кезеңде бір жеті бойы жас мамандар ашық көрсетілімдерін көрсетсе, II кезенде жас мамандар кәсіби шеберліктерін байқатып, шығармашылық конкурсқа қатысады. Байқаудың соңында үздік болып танылған жас маманға «Жылдың үздік жас маманы» лентасы тағылып, мақтау грамотасымен марапатталады. Балабақша әдіскері И.А.Джанадилова жас мамандармен жұмысты тиімді ұйымдастыру бойынша іс-тәжірибесімен бөлісіп, Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының жетекшілігімен «Жас мамандар мектебі» әдістемелік құралын шығарды. Әдістемелік құралда жас мамандармен жұмыс жасау бойынша теориялық және практикалық материалдар ұсынылған. Құралдың негізгі мақсаты әдіскерлерге жас мамандармен жұмысты ұйымдастыру және жоспарлау бойынша әдістемелік көмек көрсету болып табылады.

Жас мамандармен отырыстарда жас мамандарға байланысты тақырыптар қарастырылады, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласының маңызды мәселелері, бала психологиясының ерекшеліктері, нормативтік-құқықтық құжаттар, ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптары, үлгілік оқу жоспарының мазмұны сияқты тақырыптар талқыланады. МДҰ-ғы жас мамандар отырысы жылдық жоспарға сай өткізілен, хаттамалары жазылып нөмірленген, бауланған, мөр басылған. Жас мамандар отырысын жас мамандар мектебінің жетекшісі өткізеді, хатшысы сайланып, отырыстың хаттамасын рәсімдейді.

**2017-2018 оқу жылында** «Нормативтік-құқықтық құжаттармен жұмыс», «Ойын-мектеп жасына дейінгі баланың негізгі іс-әрекет түрі. Ойынның жіктелуі», «Топтағы пәндік-дамытушы ортаны құру» тақырыптары жас мамандар отырысында талқыланды.

**2018-2019 оқу жылында** «Тәрбиешіге қойылатын талаптар. Нормативтік-құқықтық құжаттар», «Мектеп жасына дейінгі баланың балабақшаға бейімделуі», «Мектепке дейінгі кіші жастағы балаларға арналған топтарда пәндік-дамытушы ортаны қалыптастыру» тақырыптары жас мамандар отырысында қаралды.

**2019-2020 оқу жылында** «Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жүйесі және талаптары», «Ата-анамен жұмыс істеудің заманауи әдістері мен тәсілдері» тақырыптары жас мамандар отырысында қаралды.

**2020-2021 оқу жылында** «Балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты қимыл-қозғалыс режимін ұйымдастыру», «Мектеп жасына дейінгі бала тұлғасының дамуы және ойын» тақырыптары жас мамандар отырысында қаралды.

Пәндік –дамытушы орта бала өмірін дамытуға, санитарлық-гигиеналық, психологиялық –педагогикалық, эстетикалық жағдайлардың кешеніне сәйкес. Топтарда заттар мен ойыншықтарды балалардың еркін қолдану мүмкіндігі толық қамтамасыз етілген. Пәндік дамытушы ортада балалардың сөйлеу, сенсорлық, танымдық, эстетикалық дамуына қолайлы жағдай жасалған. Мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспары бар, педагогикалық кеңесте бекітілген, белгіленген іс-шаралар білім бағдарламасының, оқу-тәрбие жұмыстарын шешуге бағытталған.

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының оқыту мен тәрбиелеу жұмысында балабақша тәрбиеленуішлерінің өзін –өзі жетілдіруіне үлкен мән беріліп, баланың бес білім саласы бойынша жан-жақты дамуына барлық жағдай жасау мүмкіндіктері қолданылады.

Мектеп жасына дейінгі баланың денін сауықтыру және шынықтыру мақсатында «Денсаулық» білім беру саласы бойынша балабақшада бірқатар іс-шаралар атқарылуда. Дене шынықтыру, сауықтыру іс-шараларының жоспары құрылып, жыл бойына барлық топтарда жаппай сауықтыру шаралары жүргізіледі. Әр топта денсаулық бұрышытары бар, ол бұрыштар балаға түрлі спорттық және қимылды ойындар ойнауға мүмкіндік береді,

сонымен бірге баланың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру мен дамытуда ерекше орын алатын балабақшада спорт залы бар, балалардың денсаулықтарын нығайту мен дамытуға бағытталған қажетті барлық спорттық құрал-жабдықтармен –дерлік жабдықталған. Қыс айларында балалар далада, таза ауада қысқы ойындар ойнап, шаңғы тебеді, шанамен сырғанайды, жаз мезгілінде балалар самокат, велосипед тебеді. Сонымен бірге, балалардың футбол, волейбол ойнауға арналған құрал-жабдықтар да бар. Түрлі сауықтыру алашалары, массаждық төсеніштер де бар. Балалармен қимылды ойындар ойнату үшін түрлі ойын атрибуттары, қимылды ойындардың картотекалары да жинақталған. Сонымен бірге, балалардың дене шынықтыруға қызығуышылықтарын ояту, балалардың қимыл-қозғалыс белсенділіктерін арттыру мақсатында тәрбиеленушілер арасында тоқсан сайын барлық топтарда денсаулық күндері, «Аққаламен бірге», кіші топтар арасында «Бауырсаққа қонаққа барамыз», «Қысқы олимпиада», кіші топтар арасында «Көңілді сырғанақта», ортаңғы мен ересек , мектепалды даярлық топтар арасында «Қыс қызықтары», жаз мезгілінде топтар арасында «Кім мықты?», «Көкпар», ұлттық ойындар ойнатылады.

Балабақшада балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған көптеген іс-шаралар ұйымдастырылады. Жоспарға сәйкес өткізілетін ертеңгіліктер мен мерекелік концерттен бөлек, тәрбиеленушілердің бойындағы жеке қасиеттерін ашатын конкурстар мен байқаулар баршылық. Өзін-өзі тану апталығы шеңберінде «Әрбір бала-бір жұлдыз, жарқырауына көмектес» байқауына ортаңғы мен ересек , мектепалды даярлық топтың балалары қатысып, өздерінің шығармашылық жеке қабілеттерін көрсетеді. Сол сияқты дәстүрге айналған тәрбиеші мен тәрбиеленушілер арасында жазғы жоспар аясында өткізілетін «Екі жұлдыз» байқауы шығармашылық шеберлікті дамыта түседі.

Мектеп жасына дейінгі тәрбиенің маңызды міндеттердің бірі – баланың танымдық қабілеттерін дамыту болып табылады. Соған сәйкес, биылғы оқу жылынан бастап балабақшада эксперимент және жобалау әдістері енгізіліп, қолданыла бастады.

Мектеп жасына дейінгі баланы әлеуметтендіру жұмысына да ерекше көңіл бөлінеді. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу балабақша мен отбасы арасындағы өзара қарым-қатынасқа байланысты. Ата-аналармен әдістемелік жұмысында № 6 гимназиямен,сонымен қатар аудандық түзету орталығымен және Хромтау аудандық кітапханасымен сабақтастықта теңдік пен қатынас қағидалары жатыр. Педагогикалық ұжым өзінің оқыту мен тәрбиелеу жұмысын отбасымен тығыз қарым-қатынас жасау негізінде құрады. Өзара оқыту мен тәрбиелеу технологияларының өзгеруі «МДҰ+ата-ана+тәрбиеші» қатынастарының өзгеруіне байланысты, оның негізінде өзара сыйластық, сенімділік жатыр.

Ата-анамен тығыз қарым-қатынас орнату - балабақшаның негізгі бағыттары мен жұмыстарының бірі болып есептеледі. Осы мақсатты іске асыру мақсатында ата-анамен жұмыс жоспары құрылып, соның негізінде қыркүйек айында *«МДҰ-ның оқыту-тәрбиелеу жұмысының негізгі мақсаттары мен міндеттері»* , ақпан айында *«Балалар мультфильмдерінің пайдасы мен зияны»*, мамыр айында *«МДҰ-ның оқыту-тәрбиелеу жұмысын қорытындылау»* тақырыбында балабақшаішілік жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Сонымен қатар, сәуір айында балалары мектепке баратын ата-аналараға арналған *«Баланы мектепке дайындаймыз. Мектеп өмірінің қарсаңындағы отбасы»* тақырыбында ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Психологтің басшылық етуімен балабақшада ата-аналар клубы жұмыс істеді. *«Жақсы ата-ана болу жолдары», «Қазақ отбасы дәстүрлері және қазіргі заман отбасы моделі», «Бала тәрбиесіндегі ананың ролі», «Әке баланың өмірінде, оның ролі және ықпалы»* тақырыптарында ата-аналар клубы өз отырыстарын өткізіп отырды. Сол сияқты барлық топтарда жас ерекшеліктеріне сәйкес, барлық топтарда «2 жастағы баланың психикалық және физикалық даму ерекшеліктері. Оқыту мен тәрбиелеу міндеттері» тақырыптарында және қаңтар айында *«Кіші жастағы*

*балалардың қоршаған ортамен таныстыру үдерісіндегі тілдерін дамыту жолдары»* , *«Ертегілер арқылы баланың тілін дамыту»*, *«Отбасы жағдайында баланың зерттеушілік қабілеттерін дамыту»* топтық ата-аналар жиналыстары өткізілді. Қаңтар айындағы «Қыс қызықтары» апталығының шеңберінде «Қыс қалашығы» балабақша ауласында қардан мүсін жасау конкурсы ұйымдастырылды. Ақпан айындағы «Әке-асқар тау» тақырыбында газеттер, буклеттер көрмесі өткізілді. Наурыз айында ата-аналардың қатысуымен І кіші топтар арасында «Наурыз-жыл басы» апталығының аясында ауылдар сайысы өткізілді. Сәуір айындағы «Құстар-біздің досымыз» апталығының шеңберінде «Әлем құстары» қолөнер көрмесі және балабақша ауласына сенбіліктер ұйымдастырылып, ата-аналар шақырылып, ағаштарға құстың ұяларын жасады.

Ата-анамен жұмыс жоспары құрылып, соның негізінде *«Біздің балаларымыз – біздің болашағымыз»*, *«Ұялы телефонның пайдасы мен зияны»* тақырыбында балабақшаішілік жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Психологтің басшылық етуімен балабақшада жас аналар клубы жұмыс істеді. *«Ана болу – менің жаңа мамандығым!»*, *«Ұлттық – дәстүрлі тәрбие мен заманауи тәрбиенің ерекше тұстары»* тақырыптарында аналар клубы өз отырыстарын өткізіп отырды. Сол сияқты барлық топтарда жас ерекшеліктеріне сәйкес, барлық топтарда әртүрлі тақырыптарда топтық ата-аналар жиналыстары өткізілді. Қаңтар айындағы «Қыс қызықтары» апталығының шеңберінде «Қыс қалашығы» балабақша ауласында қардан мүсін жасау конкурсы ұйымдастырылды. Ақпан айындағы «Әке-асқар тау» тақырыбында газеттер, буклеттер көрмесі өткізілді. Қыркүйек айында отбасы күніне орай балабақша ата-аналарымен «Үздік жанұя» сайысы өткізілді. Сонымен бірге, ата-аналар мен балабақша арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, серіктестік бағытта жүйелі жұмыс істеу үшін топтарда ашық есік күндер өткізілді. Жыл басынан бері «Ботақан», «Жұлдызша», «Қонжық», «Балапан», «Қарлығаш», «Нұршуақ», «Құлыншақ», «Көбелек», «Балаби», «Аққайың» топтарда өткізілген ашық есік күнінде ата-аналар тәрбиешілермен және балалармен бірге күн тәртібінің барлық сәттеріне қатысты: таңертеңгілік қабылдауды қарады, дене шынықтыру нұсқаушысымен бірге спорт залына барып, таңертеңгілік жаттығуларға қатысты, балалардың мәдени-гигиеналық шараларын көрді, қол жуып, тамақты құю, кезекшілікті ұйымдастыру сәттеріне де қатысты. Сол күні өткен ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысты, құрастыру оқу қызметі бойынша «Автобус» тақырыбында және дене шынықтыру оқу қызметтеріне қатысты. Күн тәртібі бойынша далаға серуенге шықты, тәрбиешілермен бірге балаларды киіндіріп, шешіндірді, далада қимылды ойындар ойнатты. Сонымен бірге, музыка залында балаларға ән үйрету, би билеуді үйрету жұмыстарын да көрді, баланың бос уақытын ұйымдастырудағы санамақтарды айту, жаңылтпаштар арқылы тілді жаттықтыру,» әнді жаттау, ертегісін сахналау жұмыстарына қатысты.

№ 7 «Еркетай» бөбекжай балабақшасының педагог-психологы – Уразалина Гульнара Асылгазиевна. Осы балабақшада 2013 жылдың қаңтар айынан бастап қызмет етіп келеді. Білімі- жоғары.

Мақсаты: Сапалы тәрбие беру үшін әлеуметтік-психологиялық жағдай қалыптастыру; білім беру саласында балалардың психологиялық дамуына көмектесу.

Міндеттері:

- Тәрбиеленушілердің жеке психологиялық мүмкіндіктерінің дамуына қолайлы жағдай туғызу;
- Психологиялық саулықтарын нығайту, жасы мен жеке дамуын ескере отыра, балабақшада әр балаға ыңғайлы жағдай жасау:

- Тәрбиеленушілерге, ата аналарға, тәрбиешілерге психологиялық көмек пен қолдау жасау;
- Ата аналардың, тәрбиешілердің психологиялық білімін жетілдіру және психологиялық мәдениетін көтеру;
- Салауатты өмір салтын насихаттау;
- Осы жоғарыда айтылған мақсаттарды шешу барысында психологиялық бағыттарды пайдаланып, көптеген жұмыстар түрі атқарылды.

Психолог өз жұмысында жұмыс жасайтын негізгі контингент- тәрбиеленуші. Сондықтан баланың балабақшаны аттаған күннен бастап, оның жаңа ортаға әлеуметтік-психологиялық бейімделуіне көңіл аудара отырып, зерттеу, бақылау жұмыстарын жүргіздім. Сол мәселе бойынша ата-аналарға, тәрбиешілерге кеңестер бердім: «Баланың балабақшаға бейімделуі», «Отбасындағы тәрбиеге психологтың көмегі».

Биылғы оқу жылында барлық топтарда психологиялық сабақтар өткізілді. Онда психолог диагностика, тренингтер, ойындар, релаксациялық жаттығулар енгізілді. Балалар психологиялық әлеммен танысып, өзара қарым-қатынас жасауға үйреніп, өзін-өзі түсінуге үйренді. Осы топтардың ішінде балалар сабаққа белсене қатысып, жаттығуларды орындап, оларға тәрбиешілер атынан да қолдау көрсетіп, психологқа көмек берген топтарды атап өтуге болады: «Балапан», «Қонжық», «Жұлдызша». Кейбір топтарда балалар сабақта отыруға дағдыланбаған, тәрбиешілер тарапынан психологқа көмек байқалынбады.

Тәрбиеленушілермен психологологиялық әртүрлі диагностика жұмыс да жүргізілді:

- Таным қабілетінің даму деңгейі
- Тіл дамуын бағалау
- Эмоциялық даму деңгейін анықтау
- Қарым-қатынас икемділігін анықтау
- Денелік дамуын бағалау
- Есту қабілетінің деңгейі
- Кітаптарға қатынасты бағалау

Қаңтар айында ересек топ балаларымен «Үй. Адам. Ағаш.» әдістемелік диагностика жүргізілді.

Көңіл-күйі төмен балалармен ойын жаттығулар өткізілді. «Түрлі түсті доптар», «менің көңіл-күйім» жаттығулары, «сиқырлы сөздер», «кездесу» ойыны. «Зообаққа орналастыр» дидактикалық ойын. «Менің жанұям» тақырыбында суреттік тест алынды.

Ақпан айында кіші топ балаларының темпераментін анықтадым. (түсті таңдауына қарай балалардың мінезін анықтау)

Наурыз айында «Самұрық», «Ботақан» топтарында «Өзің туралы не айта аласың?» әңгіме жүргізілді.

Сәуір айында ересек топтарда «Үй емтихандары мектепке баруға дайынсың ба?» диагностика жүргізілді.

Көрнекі-схемалық ой-өрістің деңгейін (және жаттықтырады) (схемалармен, шартты белгілермен пайдалануды), ықылас-назарды дамытатын лабиринт жұмысы беріліп,жүзеге асырылды. Ал таным процестерді дамыту мақсатында балаларға бірнеше психологиялық әдістемелер өткізілді. Олар:

Р. С. Немов әзірлеген тест

"Не жетіспейді?"

"Айырмашылықтарды тап" тесті

"Он сөз" тесті

"Төртінші – артық" тесті

"Жіктеу" тесті.( логикалық ойлауды айқындау)
"Суреттер бойынша әңгіме құру". (тіл дамуының деңгейін, логикалық ойлауын айқындау) .
Берілген ұсыныстар:
• барлық ұсынылған әдістемелер дамытпалы ойындар ретінде пайдаланылуы мүмкін;
• барлық тапсырмаларды дереу жасау міндетті емес, бірнеше күннің ішінде жасауды ұсынуға болады;
•аталған әдістемелер түрі үй жағдайында ата-аналардың өздерінде орындата алуларына болады.
Балабақша психолог жұмысының тағы бір саласы –ата-аналармен жұмыс.
**Мақсаты:**
Жанұялық тәрбие стилін анықтау;
Ата-аналардың тұлғалық ерекшеліктерін айқындау, олардың балаға қарым-қатынасын зерттеу;
Психологиялық ағарту және профилактика (дәріс, әңгіме, әдебиеттер ұсыну);
Түзету және дамыту жұмыстарына қатыстыру.
Бала дамуының мәселелері және ата-ана мен оның баласы арасындағы қарым-қатынасты шешудің психологиялық тұрғыдан қиындықтары жөнінде ата-ананың білімін көтеру.
Бала дамуының мәселелерімен осы бағыттағы міндеттерді шешуде психолог пен ата-ана ынтымақтастығын орнықтыру.
*Міндеттері:*
Бала дамуының мәселелері мен осы бағыттағы міндеттерді шешуде психолог пен ата-ананың ынтымақтастығын орнықтыру;
Баланың психикалық дамуы мен жалпы оның тәрбиесі жәйлы ата- анаға кеңес беру;
Жүргізілген психодиагностиканың қорытындысынан ақпарат беру және жоспарлы түрде ата-аналар жиналысынды сөйлеу;
Ата-ананы психологиялық сауаттандыру.
2017-2018 оқу жылында ата-аналармен төмендегідей жұмыстар жүргізілді:
Ағарту жұмысы мен алдын-алу
Сауалнама, анкета жүргізілді;
Ата-аналар жиналыстарына қатысу
Ата-аналардан «Отбасым менің қорғаным» отбасы және баламен қарым-қатынасын анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді.
Желтоқсан айында «Сіздің өміріңізде бала қандай орынға ие?» тест алынды. «Баланың балабақшаға бейімделуі», «Өзін-өзі құрметтеу», «Әрбір бала жүрек жылуын қажет етеді», «Қорқыныш пайда болу себептері», «Жаман әдеттер, жаман сөздер» ата-аналарға кеңестер берілді.
Сонымен қатар ата-аналардың психологиялық педагогикалық мәденитеін көтеру мақсатында тренингтер ұйымдастырылды. «Шаңырақ шуағы», «Отбасым алтын бесігім», «Ананың алақаны балаға айдынды қоныс».
Жұмыстың жүйелі нәтижелі болу үшін психолог тәрбиешілермен тығыз байланыста болу керек.
**2017-2018 оқу жылындағы** тәрбиешілермен жүргізілген жұмыс түрлері:
Тұлғаның психодиагностикасы
Психологиялық ағарту жұмысы:
Тесттер ұсынылды.
Ата-аналар жиналысына психологиялық құралдар таңдауға көмектесілді.
Тұлғаның әлсіз және күшті тұстары анықталды.
Жайлы психологиялық микроахуал қалыптастырылды.
Тренинг жүргізілді

2017 жылдың ақпан айында тәрбиешілерден М.Снайдердің әдісі қарым- қатынастағы өзін-өзі бақылауын бағалау диагностикасы жүргізілді.

Диагностиканың мақсаты: Әр адамның әріптестерімен қарым-қатынасының түзулігін және өз әріптестерімен қаншалықты оңай тіл табысы алатындығын анықтау.

Сонымен қатар тәрбиешілермен «Сіз басқа адамдардың пікірінше қандай жансыз?» «Өмірге құлшынысыңыз қандай?» тест сауалнама жүргізілді.

Тәрбиешілерден сауалнама алынды. Алынған сауалнама нәтижесі бойынша барлық тәрбиешілер топтағы барлық балаларды, ата-аналарды толық таниды. Жұмыс орны, әкімшілік мүшелері толық қанағаттандырады.

Топта жағымды психологиялық атмосфераны құру мақсатында тәрбиешілермен тренинг ұйымдастырылды. «Ата -анамен қарым қатынас» , «Өмір құндылығы».

Сонымен қатар жоспар бойынша және ұсыныс, сұраныс бойынша көптеген кеңестер берілді. «Тәлімгерге кеңес», «Болашақтан келген ашық хат», «Адам өзіне қалай сенімді бола алады?», «Баланы тәрбиелеу барысында көтермелеу және жазалау», Баланың ойынмен бейімделуі. «Мектепке дейінгі бала тілінің дамуы», «Ойыншық және оның бала өміріндегі маңызы»

Шектен тыс белсенділік. Ұялшақтық және жасқаншақтық.

2017-2018 оқу жылына психолог балабақшаның жаңа мақсаты мен міндеттерін анықтады:

Балалардың психологиялық құзіреттілігін арттыру,

Тұлғааралық қарым-қатынасты, танымдық қабілеттерді, шығармашылық қабілетін ашу, тәрбиешілерге психологиялық көмек беру;

Ата-аналарды түзету және дамыту жұмыстарына қатыстыру.

Бала дамуының мәселелері және ата-ана мен оның баласы арасындағы қарым-қатынасты шешудің психологиялық тұрғыдан қиындықтары жөнінде ата-ананың білімін көтеру.

Бала дамуының мәселелерімен осы бағыттағы міндеттерді шешуде психолог пен ата-ана ынтымақтастығын орнықтыру.

**2018-2019** оқу жылындағы психологиялық қызметті №7 «Еркетай» бөбекжай балабақшасының педагог-психологы – Журтканова Гульстан Калижановна жүргізді.

Мақсаты: психологтың атқарған жұмыстарына тоқталып, шолу жасап, атқарған жұмыстарына байланысты есеп беру.

Психология қызметінің негізгі жұмыс бағыттары

Психологиялық диагностика.

Мақсаты: Тұлғаның жеке және жас ерекшеліктерін, сондай – ақ тұлға аралық өзара әрекет ерекшеліктерін де зерттеу.

Психологиялық профилактика

Мақсаты: Тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау.

Психотүзету (психокоррекция) және дамыту.

Мақсаты: Тәрбиеленушілердің психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болырмау, жалпы оқу дағдысы мен біліктілікті дамыту.

Психологиялық кеңес (консультация) жүргізу.

Мақсаты: Педагогикалық үрдістердегі қатысушыларға мәселелерді шешуге көмек көрсету

Психологиялық білімді көтеру

Мақсаты: Педагогикалық үрдістерге қатысушылардың психологиялық мәдениетін көтеру

Журнал:

- түзету дамыту журналы
- ақыл-кеңестік журналы

Балалармен жұмыс

- балалардың балабақша бейімделуі, адаптациялық кезеңнен өтуіне психологиялық көмек көрсету- жаңадан келген балалармен танысып топ тізімін дайындау;
- балабақшаның балаға әсер етуін анықтау (сұрақ-жауап) -ҰОҚ-не қатысу топтың ауа райын бақылау;
- «төмен» деңгейдегі балалармен жұмыс- мектепке дайындығын анықтау (сұрақ-жауап);
- жыл бойына психологиялық түзету-дамыту жұмыстар жүргізу.

Ата-аналармен жұмыс

«Баланың жас шамасына сай даму ерекшеліктері» ақыл-кеңестер беру;

«Жазаламай тұрып, ойлан!» ақыл-кеңес;

Ата-аналар бұрышына: «Егер бала балабақшаға баруды қаламаса» (кіші топтар);

«3 жастағы балалардың дағдарыстары.»;

«Баланыздың тіл дамуы»;

Ата-аналар жиналыс отырысына қатысу;

«Солақай бала» ;

«Балалар қорқынышы»;

«Баяу бала»;

«Жылауық балалар»

Жоғары топ ата-аналарымен: - «Сіздің балаңыз мектепке дайын ба?».

*Педагогтармен жұмыс*

- әкімшілікке әлеуметтік психологиялық көмек -педагогтардың жаңа оқу жылына психологиялық ахуалын жақсартуға көмек беру;
- «жас тәрбиешілерді, мамандарды ұжымға бейімдеу, психологиялық тұрғыдан ақыл-кеңестер беру» баяндама;
- тренингтер;

-тәрбиешілердің ҰОҚ-не қатысып психологиялық тұрғыдан бақылау- жылдың аяғында топтың «даму деңгейін»анықтау;

-психологиялық жылдық есеп беру-тұлғаның әлсіз және күшті тұстарын анықтау -жайлы психологиялық микроахуал қалыптастыру.

**2018-2019 оқу жылының** жылдық жұмысына есеп берер болсақ, көптеген істердің атқарылғандығы көрсетеді. Қыркүйек айынан бастап 12 топпен («Самұрық», «Ботақан», «Қонжық», «Қарлығаш», «Балапан», «Жұлдызша», «Қызғалдақ», «Нұршуақ», «Құлыншақ», «Балаби», «Аққайың», «Көбелек»,), оның ішінде зертеу жұмыстар жоғарғы 3 топпен(«Самұрық», «Ботақан», «Қонжық» 5,6 жас) жұмыс жасалынды.Жылдық жоспар, айлық жоспар құрылды.Қыркүйек айында балалардың балабақшада, топта бейімделуін анықтау мақсатында оқу жылының бастапқы айларында, бақылауға кіші топтар алынып, бейімделу парақтары толтырылды. Қорытынды шығарылды (Дмитриева Г.А. бойынша):
- бейімделуі жеңіл- 80%;
- орташа-17%;
- бейімделуі қиын-3%.

Қиын бейімделген балалардың тәрбиешілеріне кеңестер берілді, ата-аналарымен әңгіме жүргізілді, кіші топтардың ата-аналарына «Баланың балабақшаға бейімделуі» туралы яғни үйдегі баланы балабақшаға әкелгенде оңай қабылдау үшін, оған қандай көмек көрсету қажет екенін ата-аналарға әртүрлі психологиялық кеңестер ұсынылды.Балалар бақылауға алынып, ойын-сабақтар өткізілді.

Тәртібінде қиындықтар туғызған балалалар Тасымгалиев Мади, Серикова Дильназ, Мырзағали Елдос, Шардарбеков Даниль, Куанышев Амир, Петренко Даниил. Бұл балалармен «Артық ұғымның астын сыз», «Суретті есте сақта», «Нүктелерді есіңде сақтап қойып шық» «Сиқырлы қапшық», «Тауып көр», «Үлкен-кіші» «Ұзын-қысқа», «Моншақ», «Жыл мезгілдері»

әдістемелері қолданылып жеке түзету- дамыту жұмыстары жүргізілді.

«Психологиялық ойын» арқылы балалардың ойынның әртүрлі ережелерді сақтауға үйрету, балаларды біріктіру өзара сенім жағдайын құру, танымдық процесстерін дамыту, көңіл-күйлерін қалыптастыру, белсенділіктерін арттыру мақсатында жұмыс жасалды.Корытындысында таным қабілеттері орташа деңгейде екендіктері анықталып көрсетіліп отырды

Зейін тікелей қызығушылықпен байланысты (ырықсыз зейін), өйткені қызықты іске бала көңілі тез ауады. Сондықтан зейіні тұрақсыз балалармен ойын-жаттығуларды қысқа мерзімді, бірақ жиі қайталанып отырылу қажет.

Зейіні төмен балалармен «Адасқан сызықтар», «Лабиринт», «Толықтырып сал», «Кімнің дыбыстауы», т.б.ойын-жаттығулары өткізілді.

Есте сақтау қабылеті төмен балалармен «Жадыңда сақтап салып көр», «Затты сипатта», «Тыңда да,орында!» т.б. ойындар өткізілді.

Ойлауы төмен: «Затты сипатта», «Сыңарын тап», «Дұрыс-бұрыс», «Тізімді жалғастыр» т.б. әдістемелер қолданылды.

Эмоционалдық тұрақсыздықтары бар балалармен «Менің көңіл-күйім» сурет салу, құм терапиясын қолданып «Ойыншықтар қалашығы» сабағы, психогимнастика жаттығулары өткізілді.

Агрессивті мінез-құлықты балаларға тиімді тәсілдермен агрессияны шығару жолдарын қалыптастыру, агрессияны дұрыс қабылдау және одан шығу үшін сезімдеріне жауапкершілікті қалыптастыру мақсатында «ашу», «итерісу», «автобустағы оқиға», «сезімдер әлемі», релаксация жаттығулары және т.б.ойын-жаттығулар өткізілді. Балабақшаның дарынды балаларымен дарындылық картасы толтырылып мәліметтер жинақталды. Инклюзивті біліммен Жанатұлы Диас, Алимжанова Азиза, Марал Дулат, Кульжанов Алихан ,Шафих Айбар, Шардарбеков Даниль 6 бүлдіршін тәрбиеленуде. Қойылған диагноздарына байланысты дефектолог-логопедпен, психолог бақылауында болды.

«Сезім тұңғиығы мен мейірім әлемінде» атты тақырыпта психологиялық апталық аталып өтті.

Әр педагогтың ата-анамен қарым-қатынас жасауының өзіндік ерекшеліктері бар. Ата-анамен тығыз қарым-қатынаста байланыс жасау, ол тәрбиешінің шеберлігі. Ата-анаға өз баласының кейбір қылығы іс-әрекеті тәрбиеге сай келмесе, ол педагогке деген көңіл толмаушылыққа әкеліп соғады, ал оған тәрбиешінің немқұрайлығы қосылса, оның нәтижесі балабақшаға деген кері көзқарасты тудыруы мүмкін. Сол мәселеге байланысты жеке ата-аналармен кездесіп, барынша кеңес беріп отырдым. Ата-аналармен «Балаңыз мектепке дайын ба?» атты семинар өткізілді. Балалардың мектепке дайындығы туралы айтылып, жүргізілген диагностика қортындысымен таныстырылды.

Педагогтармен жүргізілген ақыл кеңестік жұмыстар ретіне келер болсақ, Тәрбиешілер және тіл мамандарымен «Педагогтердің эмоциялық тұрғыдан бақылау» (В.В.Бойконың тесті) өткізілді, қорытындсымен педагогтер таныстырылды (жоғары коммуникативтік толеранттық деңгейі - 53%; орташа коммуникативтік толеранттық деңгейі - 47%). Әрине бетпе-бет қарым-қатынас жасау кезінде тұлға ашық және көп қырынан байқалады, сондықтан да релаксация жаттығулары жасалып, кеңестер берілді.

«Достық, Әріптестік, Ұжым», «Команда болу», «Жақсы көңіл-күй - жан азығы», «Жүрегімнің кілті», «Ашулы шарлар», « Менің жетістігім», «Мен қуыршақпын», «Биле, биле» атты тренингтер және педкеңестерде релаксация жаттығулары өткізілді.

Тәрбиеші мен бала арасындағы қарым-қатынасын анықтау мақсатында ҰОҚ-не қатысып, бақылап өздерімен бірігіп сабаққа психологиялық-педагогикалық талдау жасалды. Яғни тәрбиешілерді бақылау барысында балаларға деген дөрекілік немесе нашар қарым-қатынас байқалмады.

Өз білімімді арттыру және де мектепке дейінгі білім беру жүйесін толықтай түсініп, ұғыну жолында ашық ҰОҚ-не , ашық есік күніне қатысып, ата-аналар жиналыстарына қатысып тренингтер өткізіп, басқа балабақшалардың педагог- психологтарымен, тәрбиешілерімен де кездесіп, пікір алмасып, кеңес алдым. «Ата- аналармен жұмыс жасаудың заманауи формалары» атты тақырыпта өткен аудандық семинарда «Назар аударыңыз, гипербелсенді бала» тақырыбында тренинг ұйымдастырып, балабақша психологі алғыс хатпен марапатталды.

2018-2019 оқу жылының жылдық есебін қорытындылай келе, жоспар бойынша қойылған жұмыстар толықтай жүзеге асырылып, психологиялық анықтамалар берілді.

**2019-2020** оқу жылындағы психологиялық қызметін №7 «Еркетай» бөбекжай балабақшасының педагог-психологі – Журтканова Гульстан Калижановна жүргізді.

Мақсаты: психологтың атқарған жұмыстарына тоқталып, шолу жасап, атқарған жұмыстарына байланысты есеп беру.

Психология қызметінің негізгі жұмыс бағыттары

Психологиялық диагностика.

Мақсаты: Тұлғаның жеке және жас ерекшеліктерін, сондай – ақ тұлға аралық өзара әрекет ерекшеліктерін де зерттеу.

Психологиялық профилактика

Мақсаты: Тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау.

Психотүзету (психокоррекция) және дамыту.

Мақсаты: Тәрбиеленушілердің психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болырмау, жалпы оқу дағдысы мен біліктілікті дамыту.

Психологиялық кеңес (консультация) жүргізу.

Мақсаты: Педагогикалық үрдістердегі қатысушыларға мәселелерді шешуге көмек көрсету

Психологиялық білімді көтеру

Мақсаты: Педагогикалық үрдістерге қатысушылардың психологиялық мәдениетін көтеру

Журнал:

- түзету дамыту журналы
- ақыл-кеңестік журналы

Балалармен жұмыс

- балалардың балабақша бейімделуі, адаптациялық кезеңнен өтуіне психологиялық көмек көрсету- жаңадан келген балалармен танысып топ тізімін дайындау;
- балабақшаның балаға әсер етуін анықтау (сұрақ-жауап) -ҰОҚ-не қатысу топтың ауа райын бақылау;
- «төмен» деңгейдегі балалармен жұмыс- мектепке дайындығын анықтау (сұрақ-жауап);
- жыл бойына психологиялық түзету-дамыту жұмыстар жүргізу.

*Ата-аналармен жұмыс*

«Баланың жас шамасына сай даму ерекшеліктері» ақыл-кеңестер беру;

«Жазаламай тұрып, ойлан!» ақыл-кеңес;

Ата-аналар бұрышына: «Егер бала балабақшаға баруды қаламаса» (кіші топтар);

«3 жастағы балалардың дағдарыстары.»;

«Балаңыздың тіл дамуы»;

Ата-аналар жиналыс отырысына қатысу;

«Солақай бала» ;

«Балалар қорқынышы»;

«Баяу бала»;

«Жылауық балалар»

Жоғары топ ата-аналарымен: - «Сіздің балаңыз мектепке дайын ба?».

*Педагогтармен жұмыс*

- әкімшілікке әлеуметтік психологиялық көмек -педагогтардың жаңа оқу жылына психологиялық ахуалын жақсартуға көмек беру;

- «жас тәрбиешілерді, мамандарды ұжымға бейімдеу, психологиялық тұрғыдан ақыл-кеңестер беру» баяндама;

- тренингтер;

-тәрбиешілердің ҰОҚ-не қатысып психологиялық тұрғыдан бақылау- жылдың аяғында топтын «даму деңгейін»анықтау;

-психологиялық жылдық есеп беру-тұлғаның әлсіз және күшті тұстарын анықтау -жайлы психологиялық микроахуал қалыптастыру.

**2019-2020 оқу жылының** жылдық жұмысына есеп берер болсақ, көптеген істердің атқарылғандығы көрсетеді. Қыркүйек айынан бастап 12 топпен («Самұрық», «Ботақан», «Қонжық», «Қарлығаш», «Балапан», «Жұлдызша», «Қызғалдақ», «Нұршуақ», «Құлыншақ», «Балаби», «Аққайың», «Көбелек»,), оның ішінде зертеу жұмыстар жоғарғы 3 топпен(«Самұрық», «Ботақан», «Балапан» 5,6 жас) жұмыс жасалынды.Жылдық жоспар, айлық жоспар құрылды.Қыркүйек айында балалардың балабақшада, топта бейімделуін анықтау мақсатында оқу жылының бастапқы айларында, бақылауға кіші топтар алынып, бейімделу парақтары толтырылды. Қорытынды шығарылды (Дмитриева Г.А. бойынша):

- бейімделуі жеңіл- 78%;
- орташа-19%;
- бейімделуі қиын-3%.

Қиын бейімделген балалардың тәрбиешілеріне кеңестер берілді, ата-аналарымен әңгіме жүргізілді, кіші топтардың ата-аналарына «Баланың балабақшаға бейімделуі» туралы яғни үйдегі баланы балабақшаға әкелгенде оңай қабылдау үшін, оған қандай көмек көрсету қажет екенін ата-аналарға әртүрлі психологиялық кенестер ұсынылды.Балалар бақылауға алынып, ойын-сабақтар өткізілді.

Тәртібінде қиындықтар туғызған балалалар Тасымгалиев Мади, Серикова Дильназ, Шардарбеков Даниль, Петренко Даниил. Бұл балалармен «Артық ұғымның астын сыз», «Суретті есте сақта», «Нүктелерді есіңде сақтап қойып шық» «Сиқырлы қапшық», «Тауып көр», «Үлкен-кіші» «Ұзын-қысқа», «Моншақ», «Жыл мезгілдері»

әдістемелері қолданылып жеке түзету- дамыту жұмыстары жүргізілді.

«Психологиялық ойын» арқылы балалардың ойынның әртүрлі ережелерді сақтауға үйрету, балаларды біріктіру өзара сенім жағдайын құру, танымдық процесстерін дамыту, көңіл-күйлерін қалыптастыру, белсенділіктерін арттыру мақсатында жұмыс жасалды.Қорытындысында таным қабілеттері орташа деңгейде екендіктері анықталып көрсетіліп отырды

Зейін тікелей қызығушылықпен байланысты (ырықсыз зейін), өйткені қызықты іске бала көңілі тез ауады. Сондықтан зейіні тұрақсыз балалармен ойын-жаттығуларды қысқа мерзімді, бірақ жиі қайталанып отырылу қажет.

Зейіні төмен балалармен «Адасқан сызықтар», «Лабиринт», «Толықтырып сал», «Кімнің дыбыстауы», т.б.ойын-жаттығулары өткізілді.

Есте сақтау қабылеті төмен балалармен «Жадыңда сақтап салып көр», «Затты сипатта», «Тында да,орында!» т.б. ойындар өткізілді.

Ойлауы төмен: «Затты сипатта», «Сыңарын тап», «Дұрыс-бұрыс», «Тізімді жалғастыр» т.б. әдістемелер қолданылды.

Эмоционалдық тұрақсыздықтары бар балалармен «Менің көңіл-күйім» сурет салу, құм терапиясын қолданып «Ойыншықтар қалашығы» сабағы, психогимнастика жаттығулары өткізілді.

Агрессивті мінез-құлықты балаларға тиімді тәсілдермен агрессияны шығару жолдарын қалыптастыру, агрессияны дұрыс қабылдау және одан шығу үшін сезімдеріне жауапкершілікті қалыптастыру мақсатында «ашу», «итерісу», «автобустағы оқиға», «сезімдер әлемі», релаксация жаттығулары және т.б.ойын-жаттығулар өткізілді. Балабақшаның дарынды балаларымен дарындылық картасы толтырылып мәліметтер жинақталды.

Инклюзивті біліммен Жанатұлы Диас, Алимжанова Азиза, Шафих Айбар, Шардарбеков Даниль,Алтаева Кәусар тәрбиеленуде. Қойылған диагноздарына байланысты дефектолог-логопедпен, психолог бақылауында болды.

«Сезім тұңғиығы мен мейірім әлемінде» атты тақырыпта психологиялық апталық аталып өтті.

Әр педагогтың ата-анамен қарым-қатынас жасауының өзіндік ерекшеліктері бар. Ата-анамен тығыз қарым-қатынаста байланыс жасау, ол тәрбиешінің шеберлігі. Ата-анаға өз баласының кейбір қылығы іс-әрекеті тәрбиеге сай келмесе, ол педагогке деген көңіл толмаушылыққа әкеліп соғады, ал оған тәрбиешінің немқұрайлығы қосылса, оның нәтижесі балабақшаға деген кері көзқарасты тудыруы мүмкін. Сол мәселеге байланысты жеке ата-аналармен кездесіп, барынша кеңес беріп отырдым. Ата-аналармен «Балаңыз мектепке дайын ба?» атты семинар өткізілді. Балалардың мектепке дайындығы туралы айтылып, жүргізілген диагностика қортындысымен таныстырылды.

Педагогтармен жүргізілген ақыл кеңестік жұмыстар ретіне келер болсақ, Тәрбиешілер және тіл мамандарымен «Педагогтердің эмоциялық тұрғыдан бақылау» (В.В.Бойконың тесті) өткізілді, қорытындсымен педагогтер таныстырылды (жоғары коммуникативтік толеранттық деңгейі - 53%; орташа коммуникативтік толеранттық деңгейі - 47%). Әрине бетпе-бет қарым-қатынас жасау кезінде тұлға ашық және көп қырынан байқалады, сондықтан да релаксация жаттығулары жасалып, кеңестер берілді.

«Достық, Әріптестік, Ұжым», «Команда болу», «Жақсы көңіл-күй - жан азығы», «Жүрегімнің кілті», «Ашулы шарлар», « Менің жетістігім», «Мен қуыршақпын», «Биле, биле» атты тренингтер және педкеңестерде релаксация жаттығулары өткізілді.

Тәрбиеші мен бала арасындағы қарым-қатынасын анықтау мақсатында Ұ.О.І.Ә-не қатысып, бақылап өздерімен бірігіп сабаққа психологиялық-педагогикалық талдау жасалды. Яғни тәрбиешілерді бақылау барысында балаларға деген дөрекілік немесе нашар қарым-қатынас байқалмады.

Өз білімімді арттыру және де мектепке дейінгі білім беру жүйесін толықтай түсініп, ұғыну жолында ашық ҰОҚ-не , ашық есік күніне қатысып, ата-аналар жиналыстарына қатысып тренингтер өткізіп, басқа балабақшалардың педагог- психологтарымен, тәрбиешілерімен де кездесіп, пікір алмасып, кеңес алдым. «Ата- аналармен жұмыс жасаудың заманауи формалары» атты тақырыпта өткен аудандық семинарда «Назар аударыңыз, гипербелсенді бала» тақырыбында тренинг ұйымдастырып алғыс хат иемдедім

2019-2020 оқу жылының жылдық есебін қорытындылай келе, жоспар бойынша қойылған жұмыстар толықтай жүзеге асырылып, психологиялық анықтамалар берілді.

2020-2021 оқу жылындағы психологиялық қызметтің жылдық есебі

Мақсаты: психологтың атқарған жұмыстарына тоқталып, шолу жасап, атқарған жұмыстарына байланысты есеп беру.

Психология қызметінің негізгі жұмыс бағыттары

Психологиялық диагностика.

Мақсаты: Тұлғаның жеке және жас ерекшеліктерін, сондай – ақ тұлға аралық өзара әрекет ерекшеліктерін де зерттеу.

Психологиялық профилактика

Мақсаты: Тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау.

Психотүзету (психокоррекция) және дамыту.
Мақсаты: Тәрбиеленушілердің психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болырмау, жалпы оқу дағдысы мен біліктілікті дамыту.
Психологиялық кеңес (консультация) жүргізу.
Мақсаты: Педагогикалык үрдістердегі қатысушыларға мәселелерді шешуге көмек көрсету
Психологиялық білімді көтеру
Мақсаты: Педагогикалык үрдістерге қатысушылардың психологиялық мәдениетін көтеру
Журнал:
- түзету дамыту журналы
- ақыл-кеңестік журналы
Балалармен жұмыс
- балалардың балабақша бейімделуі, адаптациялық кезеңнен өтуіне психологиялық көмек көрсету- жаңадан келген балалармен танысып топ тізімін дайындау;
- балабақшаның балаға әсер етуін анықтау (сұрақ-жауап) -ҰОҚ-не қатысу топтың ауа райын бақылау;
- «төмен» деңгейдегі балалармен жұмыс- мектепке дайындығын анықтау (сұрақ-жауап);
- жыл бойына психологиялық түзету-дамыту жұмыстар жүргізу.
*Ата-аналармен жұмыс*
«Баланың жас шамасына сай даму ерекшеліктері» ақыл-кеңестер беру;
«Жазаламай тұрып, ойлан!» ақыл-кеңес;
Ата-аналар бұрышына: «Егер бала балабақшаға баруды қаламаса» (кіші топтар);
«3 жастағы балалардың дағдарыстары.»;
«Балаңыздың тіл дамуы»;
Ата-аналар жиналыс отырысына қатысу;
«Солақай бала» ;
«Балалар қорқынышы»;
«Баяу бала»;
«Жылауық балалар»
Жоғары топ ата-аналарымен: - «Сіздің балаңыз мектепке дайын ба?».
*Педагогтармен жұмыс*
- әкімшілікке әлеуметтік психологиялық көмек -педагогтардың жаңа оқу жылына психологиялық ахуалын жақсартуға көмек беру;
- «жас тәрбиешілерді, мамандарды ұжымға бейімдеу, психологиялық тұрғыдан ақыл-кеңестер беру» баяндама;
- тренингтер;
-тәрбиешілердің Ұ.О.І.Ә-не қатысып психологиялық тұрғыдан бақылау- жылдың аяғында топтың «даму деңгейін»анықтау;
-психологиялық жылдық есеп беру-тұлғаның әлсіз және күшті тұстарын анықтау -жайлы психологиялық микроахуал қалыптастыру.
2020-2021 оқу жылының жылдық жұмысына есеп берер болсақ, көптеген істердің атқарылғандығы көрсетеді. Қыркүйек айынан бастап 12 топпен («Самұрық», «Ботақан», «Қонжық», «Қарлығаш», «Балапан», «Жұлдызша», «Қызғалдақ», «Нұршуақ», «Құлыншақ», «Балаби», «Аққайың», «Көбелек»,), оның ішінде зертеу жұмыстар жоғарғы 3 топпен(«Самұрық», «Ботақан», «Қонжық» 5,6 жас) жұмыс жасалынды.Жылдық жоспар, айлық жоспар құрылды.Қыркүйек айында балалардың балабақшада, топта бейімделуін анықтау мақсатында оқу жылының бастапқы айларында, бақылауға кіші топтар алынып, бейімделу парақтары толтырылды. Қорытынды шығарылды (Дмитриева Г.А. бойынша):
- бейімделуі жеңіл- 80%;
- орташа-17%;

- бейімделуі қиын-3%.

Қиын бейімделген балалардың тәрбиешілеріне кеңестер берілді, ата-аналарымен әңгіме жүргізілді, кіші топтардың ата-аналарына «Баланың балабақшаға бейімделуі» туралы яғни үйдегі баланы балабақшаға әкелгенде оңай қабылдау үшін, оған қандай көмек көрсету қажет екенін ата-аналарға әртүрлі психологиялық кеңестер ұсынылды.Балалар бақылауға алынып, ойын-сабақтар өткізілді.

Тәртібінде қиындықтар туғызған балалалар Тасымгалиев Мади, Серикова Дильназ, Мырзагали Елдос, Шардарбеков Даниль, Куанышев Амир, Петренко Даниил. Бұл балалармен «Артық ұғымның астын сыз», «Суретті есте сақта», «Нүктелерді есіңде сақтап қойып шық» «Сиқырлы қапшық», «Тауып көр», «Үлкен-кіші» «Ұзын-қысқа», «Моншақ», «Жыл мезгілдері»

әдістемелері қолданылып жеке түзету- дамыту жұмыстары жүргізілді.

«Психологиялық ойын» арқылы балалардың ойынның әртүрлі ережелерді сақтауға үйрету, балаларды біріктіру өзара сенім жағдайын құру, танымдық процесстерін дамыту, көңіл-күйлерін қалыптастыру, белсенділіктерін арттыру мақсатында жұмыс жасалды.Қорытындысында таным қабілеттері орташа деңгейде екендіктері анықталып көрсетіліп отырды

Зейін тікелей қызығушылықпен байланысты (ырықсыз зейін), өйткені қызықты іске бала көңілі тез ауады. Сондықтан зейіні тұрақсыз балалармен ойын-жаттығуларды қысқа мерзімді, бірақ жиі қайталанып отырылу қажет.

Зейіні төмен балалармен «Адасқан сызықтар», «Лабиринт», «Толықтырып сал», «Кімнің дыбыстауы», т.б.ойын-жаттығулары өткізілді.

Есте сақтау қабылеті төмен балалармен «Жадыңда сақтап салып көр», «Затты сипатта», «Тыңда да,орында!» т.б. ойындар өткізілді.

Ойлауы төмен: «Затты сипатта», «Сыңарын тап», «Дұрыс-бұрыс», «Тізімді жалғастыр» т.б. әдістемелер қолданылды.

Эмоционалдық тұрақсыздықтары бар балалармен «Менің көңіл-күйім» сурет салу, құм терапиясын қолданып «Ойыншықтар қалашығы» сабағы, психогимнастика жаттығулары өткізілді.

Агрессивті мінез-құлықты балаларға тиімді тәсілдермен агрессияны шығару жолдарын қалыптастыру, агрессияны дұрыс қабылдау және одан шығу үшін сезімдеріне жауапкершілікті қалыптастыру мақсатында «ашу», «итерісу», «автобустағы оқиға», «сезімдер әлемі», релаксация жаттығулары және т.б.ойын-жаттығулар өткізілді. Балабақшаның дарынды балаларымен дарындылық картасы толтырылып мәліметтер жинақталды. Инклюзивті біліммен Жанатұлы Диас, Алимжанова Азиза, Марал Дулат, Кульжанов Алихан ,Шафих Айбар, Шардарбеков Даниль 6 бүлдіршін тәрбиеленуде. Қойылған диагноздарына байланысты дефектолог-логопедпен, психолог бақылауында болды.

«Сезім тұңғиығы мен мейірім әлемінде» атты тақырыпта психологиялық апталық аталып өтті.

Әр педагогтың ата-анамен қарым-қатынас жасауының өзіндік ерекшеліктері бар. Ата-анамен тығыз қарым-қатынаста байланыс жасау, ол тәрбиешінің шеберлігі. Ата-анаға өз баласының кейбір қылығы іс-әрекеті тәрбиеге сай келмесе, ол педагогке деген көңіл толмаушылыққа әкеліп соғады, ал оған тәрбиешінің немқұрайлығы қосылса, оның нәтижесі балабақшаға деген кері көзқарасты тудыруы мүмкін. Сол мәселеге байланысты жеке ата-аналармен кездесіп, барынша кеңес беріп отырдым. Ата-аналармен «Балаңыз мектепке дайын ба?» атты семинар өткізілді. Балалардың мектепке дайындығы туралы айтылып, жүргізілген диагностика қортындысымен таныстырылды.

Педагогтармен жүргізілген ақыл кеңестік жұмыстар ретіне келер болсақ, Тәрбиешілер және тіл мамандарымен «Педагогтердің эмоциялық тұрғыдан бақылау» (В.В.Бойконың тесті)

өткізілді, қорытындсымен педагогтер таныстырылды (жоғары коммуникативтік толеранттық деңгейі - 53%; орташа коммуникативтік толеранттық деңгейі - 47%). Әрине бетпе-бет қарым-қатынас жасау кезінде тұлға ашық және көп қырынан байқалады, сондықтан да релаксация жаттығулары жасалып, кеңестер берілді.

«Достық, Әріптестік, Ұжым», «Команда болу», «Жақсы көңіл-күй - жан азығы», «Жүрегімнің кілті», «Ашулы шарлар», « Менің жетістігім», «Мен қуыршақпын», «Биле, биле» атты тренингтер және педкеңестерде релаксация жаттығулары өткізілді.

**2018-2019** оқу жылындағы дефектолог-логопедтің қызметін 0,5 жүктememeн Нуржанова Жанар Кадырбаевна жүргізді. Жоғары білімді, дефектология мамандығы бойынша дипломы бар.

Осы мақсатты № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы өз жұмысында ұстанады, бүгінгі таңда балабақшамызда ерекше білімді қажет ететін 5 бала тіркеуде тұр. Оның ішінде Жанатұлы Диас – ОНР I деңгей, Алимжанова Азиза – ОНР I-II деңгей, Копбаева Айсана - ОНР I-II деңгей, Марал Дулат - ОНР I-II деңгей, Кульжанов Әлихан - ОНР I деңгей, эмоционалдық-коммуникативті дамуының тежелуі. Аталған педагогтердің 6-уы түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру бойынша базалық курстардан өтіп, білімдерін жетілдірді.

Инклюзивті білім беру жағдайындағы балабақшадағы тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру қолданыстағы перспективтік жоспарларға сәйкес жүргізіледі. Білім беру бағдарламалары балабақшаның педагогикалық және әдістемелік кеңестерде бекітіледі. Ерекше білімді қажет ететін тәрбиеленушілермен оқу қызметтері кестеге сәйкес аптасына 2 реттен өткізілді. Оқу қызметтерінде балаларды қызықтыру үшін заманауи техника түрлері, АКТ кеңінен қолданылып келеді. Инклюзивті білім беру жағдайында әсіресе, тәрбиешілердің рөлінің де маңызы зор. Балабақшада мүмкіндігі шектеулі бүлдіршіндерге арнаулы қолдаудың көрсетілуін: балалардың оқу процесі аясында жұмысты ұйымдастыруына көмектесу; оңды қарым-қатынастар негізінде балалар ұжымын қалыптастырып, дамыту; ата-аналармен тығыз ынтымақтастық орнату және психолог, логопедпен тығыз қарым-қатынас жасау жұмыстары жақсы жолға қойылған.

Балабақшаның инклюзивті оқыту бағыты бойынша жұмысы жылдан жылға жүйеленіп келеді. Осы орайда, № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы аудандық түзету-дамыту орталығымен тығыз қарым-қатынас жасайды. Жыл басынан анықталған балалар аудандық түзету-дамыту орталығына жіберіледі, мекеменің білікті, тәжірибелі мамандарымен бірлесе отырып, тәрбиеленушілермен жұмыс істеу бағыты белгіленеді. Неміс педагогі П.Шуман айтқандай: «*Бала мүмкіндігі неғұрлым шектеулі болған сайын, соғұрлым педагогтің білім деңгейі жоғары болу керек*». Инклюзивті білім беру бойынша білімді жетілдіру және тәжірибе алмасу мақсатында аудандық түзету-дамыту орталығының ұйымдастырған әрбір семинарына міндетті түрде балабақша педагогтері қатысып отырады. Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемеде ұйымдастырылатын іс-шараларға да түзету орталығының мамандары шақырылып отырады. Ата–аналар, педагогтер, тәрбиешілер мен мамандар іс-әрекетінде осындай бірлестік, жүйелілік болса ғана инклюзивтік тәрбие жұмысы жақсы нәтиже көрсететіні анық.

Ерекше білімді қажет ететін балаларға арналған жылдық жұмыс жоспарына сәйкес, балабақшада бірқатар іс-шаралар өткізілді. Балабақша педагогтерінің инклюзивті білім беру бойынша білімдерін көтеру мақсатында «Инклюзивті оқыту: мәселелер, әдіс-тәсілдер, жағдайы» тақырыбында семинар-практикум ұйымдастырылып, «Инклюзивті білім беру дегеніміз не?» әлеуметтік бейнеролик көрсетілді, педагогтерге ортақ «Инклюзивті білім бізге қаже пе?» сұрағы қойылып, осы тақырып төңірегінде педагогтер өз ойларын білдірді. «Ерекше» балаларды түсіну үшін түрлі тапсырмалар беріліп, ойындар ойнатылды. Семинардың барысында балабақша педагогтері «Инклюзивті білім бізге

қажет» деген қорытындыға келіп, мұндай балаларға көмектесу үшін не істеу керектігі жөнінде өз ойларымен бөлісті.

2018-2019 о.ж. логопед жұмысының мақсаты - Сөйлеу тіл кемістіктерін алдын-ала болдырмау жолдарын қарастырып, түрлі жолдармен түзетіп жоюдың тәсілдерін қолдану.Балалардың белсенді және енжар сөздік құрамын молайту. Төмендегідей міндеттер қойылды:

- Әртүрлі тіл кемістіктердегі сөйлеу тіл қызметінің дамуын зерттеу;
- Баланың даму ерекшеліктерін жан-жақты зерттеу: танымдық, эмоционалдық және т.б.;
- Сөйлеу тілінің кемістіктерін анықтайтын, ажырататын педагогикалық тәсілдерді жетілдіру, дамыту;
- Сөйлеу тілі кемістіктерін жүйелеу;
- Тіл кемістіктерінің ерекшеліктеріне байланысты қолданатын түзету әдістері мен амалдарын жетілдіру;
- Қазақ тіліне тән дыбыстардың артикуляциялық ерекшеліктерін және түзету тәсілдерін анықтау;
- Сөйлеу тілі кемістіктерінен алдын алу сақтандыру тәсілдерін толық жетілдіру.

Қыркүйек айынан бастап ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі құрылды, кестеге сәйкес логопед әр баламен жеке жұмыстар жүргізді. Әр балаға жеке бағдарламалар, перспективалық жоспарлар құрылды. Перспективалық жоспарларға сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметтерінің мақсаттары мен міндеттері апталық циклограммаларында толтырылған.

### 1.6. Педагог құрамын талдау

№ 7«Еркетай» бөбекжай-балабақшасында барлығы 28 педагог жұмыс істейді. Мектепке дейінгі педагог қызметкерлердің штаттық кестесі ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдардың үлгі штаттық кестесіне сәйкес жасалған және аудандық білім бөлімі тарапынан бекітілген. Бүгінгі таңда, мектепке дейінгі ұйымда жұмыс істейтін педагог қызметкерлердің дені жас мамандар болып табылады.

**Педагогтердің білімі туралы мәлімет**

| Оқу жылдары | Барлық педагог | Мектепке дейінгі жоғары білім | *Жоғары пед.білім* | Мектепке дейінгі арнаулы орта білім | *Арнаулы орта білім* | Педагогикалық білімі жоқ |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2017-2018** | 30 | 3 (27,2 %) | *11 (36,6%)* | 9 (47,3%) | *19 (63,4%)* | - |
| **2018-2019** | 27 | 3 (37,5 %) | *8 (29,7 %)* | 13 (68,4 %) | *19 (70,3 %)* | - |
| **2019-2020** | 25 | 4 (40 %) | *10 (40 %)* | 11 (73,3 %) | *15 (60 %)* | - |
| **2020-2021** | 31 | 6 (50 %) | *12(38,7%)* | 16 (84 %) | *19 (84,2 %)* | - |

Төрт жылдық салыстырмалы көрсеткіш бойынша жоғары білімді педагог санының әсіресе, соңғы үш жылда көбейгенін байқауға болады. Соның ішінде *мектепке дейінгі жоғары білімді* педагогтер жыл сайын артқанын көруге болады, әсіресе, соңғы үш жылда 1- 2 педагогке өскен. Арнаулы орта білімді педагогтердің көбісінің *мектепке дейінгі* білімдері бар, бұл көрсеткіштің де жыл сайын артып отырғанын байқауға болады, мысалы, 2017-2018 о.ж. 19 педагогтің 9-нда мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту білімі бар болса, 2018-2019 о.ж. 19 педагогтің 13-нде мектепке дейінгі арнаулы орта білімбері бар, 2019-2020 о.ж. 15 педагогтің 11-і мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту білімі бар, 2020-2021 о.ж. 19 арнаулы орта білімі бар педагогтің 16-ы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мамандығы бойынша жұмыс істейді.

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасында педагогтердің жоғары білім алып, олардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту дипломының болуына көп көңіл бөлінеді. Өйткені, педагогикалық кадрлардың мамандықтарына сәйкес болуы – балабақшаның тәрбие мен оқыту үдерісінің сапалы жүргізуін қамтамасыз етеді. Сондықтан, балабақшада басшылық тарапынан кадрлармен жүйелі жұмыс жүргізудің арқасында кадрлардың әлеуетін көтеру, олардың сапасын арттыру жұмыстары жүргізіліп, соның арқасында дипломы сәйкес келмейтін мамандар жоғары білім алып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мамандығы бойынша жоғары оқу орындарына түсіп, мамандыққа сәйкестілігін растап, дипломдарын алды. Мысалы, 2020-2021 о.ж. 31 педагогтің 22-нде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың дипломы бар. Қалған мамандар – қосымша білім беру мамандары (музыка жетекшілері, психолог, дефектолог) болып табылады, олардың да мамандықтары өздерінің жүргізетін пәндеріне сәйкес келеді.

**Біліктілік санаты бойынша кадрларға мінездеме**

| Оқу жылдары | Педагогтар саны | Жоғары | Бірінші | Екінші | Педагог-модератор | Педагог-сарапшы | Санаты жоқ |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2017-2018 | 30 | 1 | 0 (0 %) | 5 (16,6%) | жоқ | | 24(80 %) |
| 2018-2019 | 27 | 0 | 1 (3,7 %) | 4 (14,8 %) | | | 22 (81,5 %) |
| 2019-2020 | 25 | 0 | 1(4 %) | 5 (20 %) | | | 21 (76 %) |
| 2020-2021 | 31 | 0 | 2 (6,5%) | 2 (6,5 %) | 3 (9,6 %) | 1 (3,2 %) | 23 (74,2 %) |

Педагогтердің біліктіліктерін көтеруге, көбіне, педагогтердің аттестаттау талаптарына сәйкес келмейтіндіктері (көп жағдайда, бала күтіміне байланысты еңбек демалысына шығып кетуі, жаңа формат бойынша біліктілік тестілеуден өте алмауы) себеп болады. Мысалы, 2018-2019 о.ж. аттестаттауға өтініш берген 3 педагог (Уразалина Г.,Исмағамбетова Р., Ильтаева Ж.) бала күтіміне байланысты еңбек демалысына шығып кетуіне байланысты аттестаттаудың II кезеңіне өте алмады. Сол секілді педагогикалық өтілі жетіп тұрған педагогтердің де бала күтіміне байланысты еңбек демалысына жиі

шығып, декреттік демалыста болулары педагогтерді аттестаттауға кедергі келтірді. Сонымен бірге, педагогикалық кадрлардың көбісінің жас маман болғаны да өз әсерін тигізуде.

Дегенмен, балабақша әкімшілігі тарапынан педагогтердің біліктіліктерін көтеруге үнемі зор көңіл бөлініп отырады. Педагогтердің біліктілін көтеру - № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының кадрлармен жұмысының негізгі бағытарының бірі болып табылады. Өйткені, педагогикалық кадрлардың біліктілігінің жоғары болуы, балабақшадағы тәрбие мен оқыту саласына оң әсерін беретіні сөзсіз. Осы мақсатты көздей отырып, балабақшада педагогтердің біліктілігін көтеру бойынша 5 жылдық перспективалық жоспары құрылған, барлық аттестаттау жұмысы осы жоспарға сәйкес жүзеге асырылып отырады. Мысалы, 2017-2018 о.ж. II санатты педагогтердің 1-уі (Дүйсенбина Бағила) I санат алды. Сол сиякты 2018-2019 о.ж. II санатты педагогтердің қатарын 2 педагог толықтырды. 2020-2021 о.ж. педагогтер аттестаттаудың жаңа форматқа ауысуына байланысты үш педагог (әдіскер И.А.Джанадилова, дефектолог А.Сахи, тәрбиеші Г.Акузакова) педагог-модератор санатын, ал 1 педагог (тәрбиеші Т.Раймбаева) педагог-сарапшы санатын алды.

**Еңбек өтілі бойынша кадрларға мінездеме**

| **Оку жылдары** | **Педагог саны** | **0-ден 5 жылға дейін** | **5-тен 10 жылға дейін** | **10-нан 15 жылға дейін** | **15-тен 20 жылға дейін** | **20 жылдан жоғары** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2017-2018 | 30 | 19 (63,3% ) | 9 (30 %) | 0 | 1 (3,35 %) | 1 (3;35 %) |
| 2018-2019 | 27 | 20 (74,8%) | 4 (14,1 %) | 1(3,7%) | 1(3,7%) | 1(3,7 %) |
| 2019-2020 | 25 | 13 (52 %) | 6 (24 %) | 3 (12 %) | 2 (8 %) | 1 (4 %) |
| 2020-2021 | 31 | 19 (61,5 %) | 6 (19,3 %) | 3 (9,6 %) | 2 (6,4 %) | 1 (3,2 %) |

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының педагогикалық қызметкерлердің дені жас мамандар болғандықтан балабақшаның оқыту мен тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыруда *жас мамандармен жұмыс* ерекше орын алады. Балабақша ашылғаннан бері педагогикалық қызметкерлердің негізгі бөлігін жыл сайын жас мамандар құрап келеді. Салыстырмалы түрде жыл сайынғы көрсеткіштен балабақшада жас маманның қатары көбеймесе, азаймайтындығын көруге болады. Мысалы, 2019-2020 о.ж. 0-ден 5 жылға дейінгі мамандар саны 13 педагог болса, 2020-2021 о.ж. бұл санат 6-ға көбейіп, 0-ден 5 жылға дейінгі мамандар саны 19 болып тұр.

## Педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру туралы мәліметтер

| Оқу жылдары | Педагогтар саны | «Өрлеу» БАҰО | «Педагогикалық шеберлік» орталығы | Басқа курстар |
|---|---|---|---|---|
| 2017-2018 | 30 | 6 ( 10 %) | 0 (0%) | - |
| 2018-2019 | 27 | 9 (30 %) | - | - |
| 2019-2020 | 25 | 11 (44 %) | 1 (4 %) | - |
| 2020-2021 | 31 | 14 (45 %) | 1 (3,2 %) | - |

Төрт жылдық салыстырмалы көрсеткіште берілгендей облыстық біліктілікті арттыру институтында қайта даярлау және біліктілікті арттырудың курстарына бару жыл сайын жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді. Әсіресе, 2020-2021 о.ж. өзінде 8 педагог біліктілікті арттырудың курсынан өтіп, сертификаттарын алды.

## Жас ерекшелігі бойынша кадрларға мінездеме

| Оқу жылдары | Педагогтар саны | 20-30 жас | 30-40 жас | 40-50 жас | 50-60 жас | 60жастан жоғары |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2017-2018 | 30 | 19(63,3%) | 7(23,3%) | 3(10%) | 1(3,4%) | - |
| 2018-2019 | 27 | 10(37,2%) | 13 (48%) | 2(7,4%) | 2 (7,4%) | - |
| 2019-2020 | 25 | 9 (36 %) | 10 (40 %) | 4 (16 %) | 2 (8 %) | - |
| 2020-2021 | 31 | 15 (48,3 %) | 11 (35,4 %) | 3 (9,6 %) | 2 (6,7 %) | - |

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасында педагогикалық ұжымы алдында әлі де, көптеген жоспарлары бар. № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының педагогикалық қызметкерлердің дені жас мамандар болғандықтан балабақшаның оқыту мен тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыруда жас мамандармен жұмыс ерекше орын алады. Балабақша ашылғаннан бері педагогикалық қызметкерлердің негізгі бөлігін жыл сайын жас мамандар құрап келеді. Балабақшада жас мамандармен жұмыс жүйеленіп, жақсы жолға қойылған.

Жас мамандар санының бұлайша азаймай отырғанын бірнеше себеппен түсіндіруге болады:

- педагогтердің жас ерекшеліктерін алып қарағанда, көбінің жастар екенін аңғару қиын емес. Яғни, жас педагогтер көп болғандықтан олардың бала күтіміне байланысты декреттік демалысқа жиі шығатыны, осы себептен орнына баска жас мамандардың келуі;

- сырттан келетін жас мамандардың 1 немес 2 жыл істеп, тәжірибе жинақтап, өздерінің тұрғылықты жерлеріне, елдеріне кетіп калуы. Бұл жерде сырттан келген жас мамандарға тұратын жерінің болмауы да себеп деп айтуға әбден болады. Кей жағдайда, белгілі бір қызметтің штаттык кестеде 0,5 болуы да өз әсерін тигізіп жататынын да айта кету керек. Мысалы, 2020-2021 о.ж. музыка жетекшілері болып жұмыс істеген К.Халел мен С.Әбжан өз ауылдарына кетуі, сол сияқты дефектолог болып істеген А.Сахи жергілікті аудандық түзету-коррекциялық оңалту орталығына өзінің мамандығы бойынша ауысуын айтуға болады.
- Сол сияқты, Хромтау қаласында жаңадан балабақшалардың ашылуына байланысты да кейбір педагогтердің мекен-жайларын ауыстырулары себебінен кетіп қалу себептері де жок емес.
- Кейбір жағдайда балабақшада жылдар бойы тұрақты жұмыс істеп жүрген педагогтердің кәсіби өсіп, көтерілуіне де байланысты болып келеді. Мысалы, тәрбиеші Биржанова Үміт № 3 «Айгөлек» бөбекжай-балабақшасына тәрбиеші қызметінен әдіскер қызметіне көтеріліп, жұмысын ауыстырды. Сол сияқты тағы бір тәрбиеші Жанмолдаева Эльмира да дәл осылай жаңадан ашылған «Жұлдызай» бөбекжай-балабақшасына тәрбиеші қызметінен әдіскер қызметіне ауысты.

Білім беру жүйесіндегі реформалар педагогтардың кәсіби бағыттылығына жаңа талаптар қояды. Бұл талаптар келер ұрпақты білімді, білікті етіп тәрбиелеуге жетелейді. Біздің мекемеде осы бағыттағы жұмыс педагогикалық ұжым мүшелерін оқытудың идеяларымен қаруландыру, жаңа технологияларды оқып, үйрену кезеңдерінен тұрады. Мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру жұмыстарында технологиялар мен жаңа белсенді оқыту әдістерін қолдану тиімді нәтиже беретінін біздің балабақшаның әр педагогы түсінеді. Биылғы оқу жылында балабақшамыздың педагогтері бірнеше аудандық,облыстық байқауларға қатысып, өздерінің кәсіби шеберліктерін шыңдады.

**№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының педагогикалық ұжымының 2017-2018 о.ж. жетістіктері:**

| | Тәрбиешінің аты-жөні | Жетістіктері |
|---|---|---|
| 1 | Акузакова Гүлнұр Серікқалиқызы | Республикалық «Тәуелсіздікке тарту» байқауы, II орын; «Зимний пейзаж» II республикалық дистанциялық конкурс, III орын; Республикалық «Ұлт өнері-ұрпаққа мұра!» байқауы, I орын; Республикалық «Отаншылдық-ең ізгі сезім» байқауы, II орын |
| 2 | Аманова Асылай | Республикалық «Тәуелсіздікке тарту» байқауы, I орын |
| 3 | Жанмолдаева Эльмира Нурашовна | Республикалық «Тәуелсіздікке тарту» байқауы, II орын; Республикалық «Қыс-ғажайыптар мерзімі» байқауы, III дәрежелі диплом; «Зимний пейзаж» II республикалық дистанциялық конкурс, III орын; Республикалық «Отаншылдық-ең ізгі сезім» байқауы, I орын |
| 4 | Исаева Әсел | Республикалық «Қыс-ғажайыптар мерзімі» байқауы, III дәрежелі диплом; |

| | | |
|---|---|---|
| | | Республикалық «Ұлт өнері-ұрпаққа мұра!» байқауы, I орын |
| 5 | Ахетова Айнамкөз Кайруллиновна | «Зимний пейзаж» II республикалық дистанциялық конкурс, III орын; |
| 6 | Биржанова Үмір Кумаровна | «Зимний пейзаж» II республикалық дистанциялық конкурс, III орын; |
| 7 | Сатыбалдиева Мендісұлу Есенқызы | «Зимний пейзаж» II республикалық дистанциялық конкурс, II орын; |
| 8 | Раймбаева Тамара Бектаевна | «Зимний пейзаж» II республикалық дистанциялық конкурс, II орын;<br>Республикалық «Ұлт өнері-ұрпаққа мұра!» байқауы, I орын;<br>Республикалық «Ғаламшар денсаулығы менің қолымда» байқауы, III дәрежелі диплом |
| 9 | Сәрсенбай Арайлым Дарханқызы | «Зимний пейзаж» II республикалық дистанциялық конкурс, III орын; |
| 10 | Елеусизова Алтын Мухамбетовна | «Зимний пейзаж» II республикалық дистанциялық конкурс, III орын;<br>Республикалық «Ұлт өнері-ұрпаққа мұра!» байқауы, I орын |
| 11 | Ещанова Дархан Мурзабековна | «Зимний пейзаж» II республикалық дистанциялық конкурс, III орын;<br>Республикалық «Ұлт өнері-ұрпаққа мұра!» байқауы, I орын |
| 12 | Губашева Айнұр Тыныштыққызы | Республикалық «Ұлт өнері-ұрпаққа мұра!» байқауы, I орын;<br>«Өнегелі ұстаз» Y республикалық сайыс, III орын |
| 13 | Мурзагулова Камшат Темиржановна | Республикалық «Ұлт өнері-ұрпаққа мұра!» байқауы, I орын;<br>Республикалық «Отаншылдық-ең ізгі сезім» байқауы, I орын |
| 14 | Дүйсенбина Бағла Ожанқызы | Республикалық «Ғаламшар денсаулығы менің қолымда» байқауы, III дәрежелі диплом |
| 15 | Книсарина Жайнгул Ерсұлтанқызы | Республикалық «Ғаламшар денсаулығы менің қолымда» байқауы, I дәрежелі диплом |
| 16 | Сарсенгалиева Майра Турарбековна | «Өнегелі ұстаз» Y республикалық сайыс, II орын |
| 17 | Кембаева Перизат Ермахановна | «Өнегелі ұстаз» Y республикалық сайыс, III орын |
| 18 | Исмағанбетова Ризагүл Сайлаубековна | «Өнегелі ұстаз» Y республикалық сайыс, III орын |
| 19 | Ильясова Сәуле Уралбаевна | «Өнегелі ұстаз» Y республикалық сайыс, III орын |

**№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының педагогикалық ұжымның 2018-2019 о.ж. жетістіктері:**

- «Шығармашыл психолог» республиалық байқау, Уразалина Гульнара, II орын;
- «Үздік балабақша тәрбиешісі» республиалық байқауға ұжымды қатыстырғаны үшін Алдрапекова М.Т. алғыс хат;
- «Үздік балабақша тәрбиешісі» республиалық байқауға ұжымды қатыстырғаны үшін Джанадилова И.А. алғыс хат;
- «Тәуелсіздік және Елбасы» облыстық мәнерлеп оқу сайысы – Атабаева Альбина, «Ең сүйкімді оқырман» номинациясы;
- III республикалық «Үздік балабақша тәрбиешісі» - Сарсекова Г.К., «Ең жас тәрбиеші» номинациясы;
- аудандық «Лэпбук-баланы дамыту мен оқытудағы дидактикалық құрал» байқауы, бас жүлде , Сарсекова Г.К.;
- облыстық «Лэпбук-баланы дамыту мен оқытудағы дидактикалық құрал» байқауыСарсекова Г.К., сертификат;
- аудандық «Мисс мама» байқауы-Ильтаева Ж., II орын;
- аудандық «Мисс мама» байқауы-Жанмолдаева Э., II орын;
- аудандық «Тілім-өлшеусіз қазына» байқауы-Мурзагулова К., алғыс хат;
- «Үздік оқырман балабақша-2018» байқауында бас жүлде, статуэткасы;
- «Үздік дене тәрбиесі пәні мұғалімі» республикалық байқауы-Құрманбаева Гүлнұр Асанқызы, I орын;
- «Ең үздік тәрбиеші» республикалық байқауы – Мадиева Айсұлу Айбековна, I орын;
- «Білімді ел-өнерлі ұрпақ» балалар байқауы, Майырбек Нұрал, II дәрежелі диплом;
- «Білімді ел-өнерлі ұрпақ» балалар байқауы, Утегенова Дарина, I дәрежелі диплом;
- «Көңілді қыс» республикалық балалар шығармашылық байқауы, Алимжанова Азиза, II орын;
- «Көңілді қыс» республикалық балалар шығармашылық байқауы, Санат Айтмұханбет, III орын;
- «Көңілді қыс» республикалық балалар шығармашылық байқауы, Алимжанова Аида, I орын;
- «Көңілді қыс» республикалық балалар шығармашылық байқауы, Аманат Бейбарыс, II орын;
- «Көңілді қыс» республикалық балалар шығармашылық байқауы, Ғабрахман Амина, III орын;
- аудандық «Лэпбук-баланы дамыту мен оқытудағы дидактикалық құрал» байқауы, I орын , Кназбаева Ә.;
- облыстық «Лэпбук-баланы дамыту мен оқытудағы дидактикалық құрал» байқауы, II орын , Кназбаева Ә.;
- «Көңілді қыс» республикалық балалар шығармашылық байқауы, Кназбаева Томирис, III орын;
- «Көңілді қыс» республикалық балалар шығармашылық байқауы, Аманат Бейбарыс, II орын;
- III республикалық «Жас маман» байқауы, қатысқаны үшін диплом, Байжанова Гүлнұр;
- III республикалық «Жас маман» байқауы, қатысқаны үшін диплом, Балжанова Алтынгүл;
- III республикалық «Жас маман» байқауы, қатысқаны үшін диплом, Бралина Айгүл;
- III республикалық «Жас маман» байқауы, қатысқаны үшін диплом, Дуйсенбаева Нұрсая;

- III республикалық «Жас маман» байқауы, қатысқаны үшін диплом, Мадиева Айсұлу;
- III республикалық «Жас маман» байқауы, қатысқаны үшін диплом, Мангалова Замира;
- III республикалық «Жас маман» байқауы, қатысқаны үшін диплом, Самбаева Гүлжайна;
- «Көңілді қыс» республикалық балалар шығармашылық байқауы, Бақберген Зухра, II орын;
- «Көңілді қыс» республикалық балалар шығармашылық байқауы, Мади Ақниет, I орын;
- «Көңілді қыс» республикалық балалар шығармашылық байқауы, Мырзағали Елдос, II орын;
- «Менің отбасым» республикалық сурет байқауы, Амандуллаева Азалия, бас жүлде;
- «Менің отбасым» республикалық сурет байқауы, Елеусіз Әділ, бас жүлде;
- «Менің отбасым» республикалық сурет байқауы, Ильтаева Айым, бас жүлде;
- «Менің отбасым» республикалық сурет байқауы, Қауыпбай Әлинұр, бас жүлде;
- «Менің отбасым» республикалық сурет байқауы, Сатыбалды Айқын, бас жүлде;
- «Менің отбасым» республикалық сурет байқауы, Тастанов Нұржас, бас жүлде;
- облыстық педагогикалық олимпиада қатысқаны үшін Алғыс хат, Айнабекова Сенімгүл;
- облыстық педагогикалық олимпиада III орын, Дуйсенбаева Нұрсая;
- облыстық педагогикалық олимпиада қатысқаны үшін Алғыс хат, Есенова Гүлнар;
- облыстық педагогикалық олимпиада қатысқаны үшін Алғыс хат, Ильтаева Жеңісгүл;
- облыстық педагогикалық олимпиада қатысқаны үшін Алғыс хат, Мадиева Айсұлу;
- облыстық педагогикалық олимпиада қатысқаны үшін Алғыс хат, Мангалова Замира;
- аудандық білім бөлімінің Алғыс хаты, Джанадилова И.А.;
- облыстық педагогикалық олимпиада қатысқаны үшін Алғыс хат, Раймбаева Тамара;
- облыстық педагогикалық олимпиада қатысқаны үшін Алғыс хат, Сарсекова Гүлсая;
- облыстық педагогикалық олимпиада қатысқаны үшін Алғыс хат, Уразалина Гульнара;
- I республикалық «Үздік мектепке дейінгі ұйым қызметкері», Мурзагулова Камшат, III дәрежелі диплом;
- I республикалық «Үздік мектепке дейінгі ұйым қызметкері», Сарсекова Гүлсая, III дәрежелі диплом;
- I республикалық «Үздік мектепке дейінгі ұйым қызметкері», Биржаова Үміт, III дәрежелі диплом;
- I республикалық «Үздік мектепке дейінгі ұйым қызметкері», Дүйсенбина Бағила, III дәрежелі диплом;
- I республикалық «Үздік мектепке дейінгі ұйым қызметкері», Дүйсенбина Бағила, II дәрежелі диплом;
- III республикалық «Жас маман» байқауы, «Жаңашыл маман» номинациясы, Абимолдаева Алданыш;
- III республикалық «Жас маман» байқауы, үздік нәтиже көрсеткені үшін, Айнабекова Сенімгүл;
- III республикалық «Жас маман» байқауы, «Ізденімпаз маман» номинациясы, Биржанова Үміт;

- III республикалық «Жас маман» байқауы, «Үздік жас маман» төсбелгісі, Абимолдаева Алданыш;
- III республикалық «Жас маман» байқауы, «Үздік жас маман» төсбелгісі, Биржанова Үміт;
- III республикалық «Жас маман» байқауы, «Қазақстан ұстазы» төсбелгісі, Айнабекова Сенімгүл;
- III республикалық «Жас маман» байқауы, «Қазақстан ұстазы» төсбелгісі, Джанадилова Инабат;
- III республикалық «Жас маман» байқауы, «Қазақстан ұстазы» төсбелгісі, Алдрапекова Мадина Темешовна;
- «Ең үздік тәрбиеші» республикалық байқауы, II орын, Биржанова Үміт;
- халықаралық «Пони-Тілашар» байқауы, Атабаева Альбина, бас жүлде;
- халықаралық «Пони-Тілашар» байқауы, Серік Ерсайын, бас жүлде;
- халықаралық «Пони-Тілашар» байқауы, Төрежанова Құралай, бас жүлде;
- III республикалық «Жас маман» байқауы, «Үздік ұжым» плакеткасы;
- I республикалық «Үздік мектепке дейінгі ұйым» байқауы;
- аудандық семинарда іс-тәжірибесімен бөліскені үшін алғыс хат, Құрманбаева Гүлнұр;
- аудандық семинарда іс-тәжірибесімен бөліскені үшін алғыс хат, Турмуханбетова Румиса;
- аудандық семинарда іс-тәжірибесімен бөліскені үшін алғыс хат, Биржанова Үміт;
- аудандық семинарда іс-тәжірибесімен бөліскені үшін алғыс хат, Журтканова Гүлстан;
- аудандық семинарда іс-тәжірибесімен бөліскені үшін алғыс хат, Джанадилова Инабат.

**№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының педагогикалық ұжымның 2019-2020 о.ж. жетістіктері:**

- Бурбаева Сандуғаш Аскаровна – «Абай жаққан бір сәуле» , «Сурет салу» онлайн республикалық байқауы, II орын;
- Бурбаева Сандуғаш Аскаровна – «Абай жаққан бір сәуле» , «Сурет салу» онлайн республикалық байқауы, III орын;
- Есенова Гүлнар Темирбаевна - «Абай жаққан бір сәуле» , «Сурет салу» онлайн республикалық байқауына дайындағаны үшін алғыс хат;
- Раймбаева Тамара Бектаевна - «Абай жаққан бір сәуле» , «Сурет салу» онлайн республикалық байқауына дайындағаны үшін алғыс хат;
- Бисенғали Ахмад Мирасұлы – «Алтын күз» онлайн сурет байқауы, бас жүлде;
- Мәлік Бейбіт – «Алтын күз» онлайн сурет байқауы, I орын;
- Санат Мансұр – «Алтын күз» онлайн сурет байқауы, II орын;
- Алтын күз» онлайн сурет байқауына бала дайындағаны үшін алғыс хат, Сарсекова Гүлсая, Дүйсенбина Бағила;
- Төрехан Әдемі – республикалық «Үркер» марафонының жеңімпазы;
- Тлепкалиева Айкөркем - республикалық «Үркер» марафонының жеңімпазы;
- Темиргалиева Томирис - республикалық «Үркер» марафонының жеңімпазы;
- Дәрібай Гүлсанат - республикалық «Үркер» марафонының жеңімпазы;
- Абдуталиева Акжаркын - республикалық «Үркер» марафонының жүлдегері;

- Іскендір Нұрдәулет - республикалық «Үркер» марафонының жүлдегері;
- Бектай Мұса - республикалық «Үркер» марафонының жүлдегері;
- Республикалық «Үркер» марафонының жүлдегерлерін дайындағаны үшін алғыс хат – Балжанова Алтынгүл, Дүйсенбина Бағила, Есенова Гүлнар, Жакибаева Салтанат, Раймбаева Тамара, Биржанова Үміт;
- Замзе Аманат – халықаралық «Адам және табиғат» ойын конкурсы, III орын;
- Чувильская Мария - халықаралық «Адам және табиғат» ойын конкурсы, III орын;
- Құдайбергенова Ақгүл - халықаралық «Адам және табиғат» ойын конкурсы, III орын;
- Мұханов Абылай - халықаралық «Адам және табиғат» ойын конкурсы, III орын;
- Дарханұлы Абдурахим - халықаралық «Адам және табиғат» ойын конкурсы, III орын;
- Молданиязов Али - халықаралық «Адам және табиғат» ойын конкурсы, III орын;
- Санат Айтмұхан - халықаралық «Адам және табиғат» ойын конкурсы, II орын;
- Төрехан Әдемі - халықаралық «Адам және табиғат» ойын конкурсы, II орын;
- Куандық Әсем - халықаралық «Адам және табиғат» ойын конкурсы, Іорын;
- Яров Әлімжан - халықаралық «Адам және табиғат» ойын конкурсы, II орын;
- Бурбаева Сандуғаш – «Абай-дара, Абай – дана қазақта» аудандық сайысқа белсене катысқаны үшін;
- Утегенова Дарина - «Абай-дара, Абай – дана қазақта» аудандық сайысқа белсене катысканы үшін;
- Санат Айтмұхан – «Менің ертегідегі сүйікті кейіпкерім» аудандық байқау, II орын;
- Абдугалиева Ақжан – аудандық «Тәуелсіздікке тарту» байқауына қатысқаны үшін;
- Қалибай Бақытгүл - аудандық «Тәуелсіздікке тарту» байқауына қатысқаны үшін;
- Дүйсенбина Бағила Ожанқызы – аудан әкімінің алғыс хаты;
- Раймбаева Тамара Бектаевна – аудандық «Үздік жыл тәрбиешісі-2019» байқауы, бас жүлде;
- Раймбаева Тамара Бектаевна – облыстық «Үздік жыл тәрбиешісі-2019» байқауы, «Жүрек жылуын бүлдіршіндерге сыйлаған» номинациясы;
- Раймбаева Тамара Бектаевна – облыстық білім басқармасының құрмет грамотасы;
- Раймбаева Тамара Бектаевна – аудандық білім бөлімінің алғыс хаты;
- Биржанова Үміт Кумаровна - аудан әкімінің алғыс хаты;
- Биржанова Үміт Кумаровна – облыстық кәсіподақ ұйымының құрмет грамотасы;
- Балжанова Алтынгүл – «Зейін» республикалық олимпиада, II орын;

- ❖ Бралина Айгүл - «Зейін» республикалық олимпиада, III орын;
- ❖ Джанадилова Инабат - «Зейін» республикалық олимпиада, I орын;
- ❖ Дуйсенбаева Нұрсая - «Зейін» республикалық олимпиада, III орын;
- ❖ Дүйсенбина Бағила - «Зейін» республикалық олимпиада, II орын;
- ❖ Жаймагамбтова Арайлым - «Зейін» республикалық олимпиада, III орын;
- ❖ Жакибаева Диляра - «Зейін» республикалық олимпиада, II орын;
- ❖ Жақыпова Әйгерім - «Зейін» республикалық олимпиада, II орын;
- ❖ Курманбаева Гүлнұр - «Зейін» республикалық олимпиада, III орын;
- ❖ Орысбек Зухра - «Зейін» республикалық олимпиада, III орын;
- ❖ Раймбаева Тамара - «Зейін» республикалық олимпиада, II орын;
- ❖ Самратова Әйгерім - «Зейін» республикалық олимпиада, III орын;
- ❖ Сарсекова Гүлсая - «Зейін» республикалық олимпиада, III орын;
- ❖ Уразова Марал - «Зейін» республикалық олимпиада, III орын;
- ❖ Шайжанова Нұрсұлу - «Зейін» республикалық олимпиада, III орын.

**№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының педагогикалық ұжымның 2020-2021 о.ж. жетістіктері:**

- ❖ Исмағамбетова Ризагүл Сайлаубековна – музыка жетекшілеріне арналған облыстық пәндік олимпиада, III орын;
- ❖ Әбжан Сардана Русланқызы - музыка жетекшілеріне арналған облыстық пәндік олимпиада, II орын;
- ❖ Уразова Марал Рафиковна – облыстық «Экология және балалар» қашықтан өткен экологиялық жобалар байқауында белсенділік танытқаны үшін алғыс хат;
- ❖ Қашықтан өткен аудандық «Күз Ханзадасы мен Ханшайымы» балалар байқауы, бас жүлде;
- ❖ Джанадилова И.А. - «Заманауи білім беру: мәселелер, трендтер және стратегиялар» педагогтардың I Халықаралық форумы, I дәрежелі диплом;
- ❖ Мухамеджанова Д. - «Заманауи білім беру: мәселелер, трендтер және стратегиялар» педагогтардың I Халықаралық форумы, I дәрежелі диплом;
- ❖ Сарсекова Г.К. - «Заманауи білім беру: мәселелер, трендтер және стратегиялар» педагогтардың I Халықаралық форумы, III дәрежелі диплом;
- ❖ Жакибаева Д. - «Заманауи білім беру: мәселелер, трендтер және стратегиялар» педагогтардың I Халықаралық форумы, II дәрежелі диплом;
- ❖ Уразоа М.Р. - «Заманауи білім беру: мәселелер, трендтер және стратегиялар» педагогтардың I Халықаралық форумы, III дәрежелі диплом;
- ❖ Алдрапекова М.Т. – ҚР-ның кәсіподақ ұйымы, Құрмет грамотасы;
- ❖ Жакибаева Д. – аудандық кәсіподақ ұйымының алғыс хаты;
- ❖ Джанадилова И.А. – аудандық тамыз конференциясының секция жұмысында іс-тәжірибесімен бөліскені үшін алғыс хат;
- ❖ Құрманбаева Г.А. – облыстық кәсіподақ ұйымы, Құрмет грамотасы;
- ❖ Акузакова Г. – Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Республикалық педагогикалық олимпиада, I орын;

- ❖ Алдрапекова М.Т. - Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Республикалық педагогикалық олимпиада, II орын;
- ❖ Жакибаева Д. - Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Республикалық педагогикалық олимпиада, II орын;
- ❖ Исмагамбетова Р. - Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Республикалық педагогикалық олимпиада, II орын;
- ❖ Раймбаева Т. - Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Республикалық педагогикалық олимпиада, II орын;
- ❖ Самбаева Г - Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Республикалық педагогикалық олимпиада, III орын;
- ❖ Уразова М. - Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Республикалық педагогикалық олимпиада, III орын;
- ❖ Шайжанова Н. - Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Республикалық педагогикалық олимпиада, II орын;
- ❖ Акузакова Г. – облыстық педагогикалық олимпиада, II орын;
- ❖ Жакибаева Д. - облыстық педагогикалық олимпиада, II орын;
- ❖ Курманбаева Г.А. - облыстық педагогикалық олимпиада, II орын;
- ❖ Мухамеджанова Д. - облыстық педагогикалық олимпиада, III орын;
- ❖ Жантурина Э. - облыстық педагогикалық олимпиада, III орын;
- ❖ «RoboBalapan» республикалық балалар шығармашылық конкурсы, «Роботпен бірге билеу» номинациясы бойынша, II орын;
- ❖ Рысқұл Аниса - RoboBalapan» республикалық балалар шығармашылық конкурсы, «Робот туралы өлең» номинациясы бойынша, III орын;
- ❖ Мирас Рахман - RoboBalapan» республикалық балалар шығармашылық конкурсы, «Робот туралы өлең» номинациясы бойынша, II орын;
- ❖ Санат Мансұр - RoboBalapan» республикалық балалар шығармашылық конкурсы, «Робот костюмы» номинациясы бойынша, II орын;
- ❖ Райсова Қымбат – облыстық олимпиада, I орын;
- ❖ Сатыбалдиева Мендисулу - облыстық олимпиада, I орын;
- ❖ Мадиева Айсулу - облыстық олимпиада, III орын;
- ❖ Алдрапекова Мадина Темешовна – Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы, алғыс хат;
- ❖ Раймбаева Тамара Бектаевна - Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы, алғыс хат;
- ❖ Джанадилова Инабат Аскаровна - Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы, алғыс хат.

Кадрларды орналастырғанда білімі, педагогикалық жұмыс тәжірибесі, психолгоиялық сәйкестік есепке алынады. Педагогикалық кадрлар туралы мәселе әкімшілікпен педагогикалық кеңестерде, кәсіподақ, өндірістік жиналыстарында талқыланады.

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасында іс-жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымда кадрлардың жеке іс-қағаздары талапқа сай жүргізілген. Жеке іс қағаздарда кадрларды жұмысқа алу өтініштері, жұмысқа қабылданғандары туралы бұйрықтары, еңбек шарттары, диплом көшірмелері, өмірбаяны, жеке куәлігінің көшірмесі,

еңбек кітапшалары, біліктілік арттыру курстарынан өткен сертификаттары және біліктілік санаты туралы бұйрықтарының көшірмелері барлығы түгел. Негізгі қызмет бойынша, жеке құрам бойынша бұйрықтар кітаптарының жүргізілуі талапқа сай тігілген және нөмірленген. Барлық қызметкерлердің еңбек өтілінің есептелінгені туралы хаттама толтырылған.

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасында кадрлардың еңбегін бағалау жұмысы жақсы жолға қойылған. Педагог қызметкерлер мектепке дейінгі ұйым ішілік марапаттаулар мен қатар аудандық, облыстық марапттарға ие. Балабақша педагогтерімен жүргізілетін рейтинг нәтижесінде әр тоқсан сайын мерекелерде, атаулы күндері, жетістіктеріне қарай барлық қызметкерлер мен педагогтер балабақша басшылығының көтермелеуімен үнемі сыйақы алып отырады. Қызмет бабында жазаланған педагогтар тіркелмеген. Ұжым арасында салауатты моральдық-психологиялық ахуал қалыптасқан.

МДҰ әкімшілігі қауіпсіздік техникасын, өрт қауіпсіздігі ережелерін, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқауын сақтауды қатаң назарға алады. Тоқсан сайын қызметкерлермен нұсқаулықтар жүргізіледі.

МДҰ әкімшілігі мектепке дейінгі білім берудің мазмұнын жаңарту, педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру жұмыстарын жүйелі және жоспарлы түрде жүргізеді.

**Қорытынды және ұсыныстар:**

1.Мектепке дейінгі ұйымда кадрлармен жүргізілетін жұмыс жүйелі жолға қойылған.
2.Кадрлардың іс-қағаздары, құжаттары талапқа сай жүргізілген.
3.Педагогикалық құрамының сапасын одан әрі жақсарту мақсатында «Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі» мамандығы бойынша білім алуларына және жетілдіруіне жағдай жасау.
4. Педагогтардың біліктіліктерін көтеру жұмыстары жүргізілсін.

## 1.7. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры.

№7«Еркетай» бөбекжай-балабақшасында ақпараттық технологиялармен жұмыс жүргізу барысы жолға қойылған. Балабақша қызметкерлеріне арналған 5 компьютер, 2 ноутбук бар, барлығы да интернет жүйесіне қосылған. Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен анықталған нормативтерге сәйкес әдістемелік әдебиеттер саны жинақталған.

| **Оқу жылдары** | **әдістемелік әдебиетер саны** | **Балалар көркем әдебиеттері саны** |
|---|---|---|
| 2017-2018 | 27 | 71 |
| 2018-2019 | 19 | 79 |
| 2019-2020 | 23 | 75 |
| 2020-2021 | 30 | 160 |

Мектепке дейінгі ұйым топтарында демонстрациялық материалдар, үлестірмелі құралдар, жолда жүру ережесінің плакаттары, үй жануарлары және жабайы аңдар, гүлдер, құстар, мәдени-гигиеналық шаралаға арналған көрнекіліктермен жабдықталған. 237 360 тг.көлемінде барлығы 190 кітап сатып алынды.

Мектепке дейінгі ұйым топтары ойын материалдары мен құрал—жабдықтармен толық қамтылған. Мектепке дейінгі ұйымда проектор және экран бар. Қосымша әдебиеттер қорының саны жеткілікті. Баспасөз беттерінде (облыстық, қалалық деңгейде) педагогтардың жұмыстары жарияланды

**Қорытынды:**

1.Мектепке дейінгі ұйым компьютермен , интернет жүйесімен қамтылған.

2.Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен анықталған нормативтерге сәйкес әдістемелік әдебиеттер саны толықтырылған.

### 1.8. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларын бағалау

Мектеп жасына дейінгі балалардың білім деңгейін анықтау «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар» негізінде жүргізіледі. Мектеп жасына дейінгі балалардың даму деңгейі балалардың Үлгілік бағдарламаның білім беру салаларының мазмұнын игеру барысында қалыптасатын дағдыларға сәйкес анықталады және балалардың даму индикаторларына сәйкес өлшенеді.

Балалардың даму деңгейлерін қадағалау Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес баланың жетістіктерінің мониторингі негізінде 3 деңгейде жүзеге асырылады:

1-деңгей – бала белгілі бір қимыл мен біліктерді қайталай алады;

2-деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие;

3-деңгей – бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады.

Тәрбиеленушілердің дамуының мұндай бағалау жүйесі арқылы тек топтық немесе жалпы балалардың ғана емес, әрбір жеке баланың даму көрсеткіштерін де көруге болады. Әрбір жас тобында балалардың жетістіктерін объективті қадағалауға, мектепке дейінгі жастағы баланы тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілді қамтамасыз етуге, педагогтердің түзету іс-шаралары негізінде білім беру процесін жетілдіруге және баланың білім беру салаларының әрқайсысының мазмұнын және жалпы үлгілік бағдарламаны меңгеру деңгейін айқындауға мүмкіндік беретін мониторинг (аралық) жүргізілді.

**Балалардың біліктері мен дағдыларының *бастапқы* тізбесі**

| Р/с № | Дағдылар тізбесі | Бөбек жасы (1-3 жас) | | | | Мектепке дейінгі жас (3-6 жас) | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Ерте жас (1 жастан бастап) | | Кіші жас (2 жастан бастап) | | Орта жас (3 жастан бастап) | | Ересек жас (4 жастан бастап) | | Мектепалды жасы (5 жастан бастап) | | Барлығы игерген % | |
| | | Топтар саны/ балаларды н саны* | Дағдыларды игерген балалар саны %* | Топтар саны/ балалардың саны* | Дағдыларды игерген балалар саны %* | Топтар саны/ балалардың саны* | Дағдыларды игерген балалар саны %* | Топтар саны/ балалардың саны* | Дағдыларды игерген балалар саны %* | Топтар саны/ балалардың саны* | Дағдыларды игерген балалар саны %* | Барлығы топтар саны/ балалардың саны* | Барлығы дағдыларды игерген балалар саны %* |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |
| 1 | 2017-2018 жыл | 0 | 0 | 5/106 | 69 (32 %) | 2/47 | 29 (13,4 %) | 2/41 | 28 (13 %) | 1/21 | 14 (6,5 %) | 10/215 | 140 ( 64,9 %) |
| 2 | 2018-2019 жыл | 3/42 | 4 (2 %) | 3/79 | 54 (20 %) | 3/69 | 36 (14 %) | 2/48 | 11 (5 %) | 1/23 | 17 (6 %) | 12/261 | 122 (47 %) |

| | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | 2019-2020 жыл | 1/22 | 0 | 4/93 | 65 (23 %) | 3/74 | 24 (8,4 %) | 3/74 | 28 (9,8 %) | 1/20 | 20 (7,1%) | 12/ 283 | 137 (48,3 %) |
| 4 | 2020-2021 жыл | 0 | 0 | 3/45 | 26 (11,4 %) | 4/60 | 29 (12,7 %) | 3/73 | 40 (17,6 %) | 2/49 | 31 (13,6%) | 12/227 | 126 (55,3 %) |

## Балалардың біліктері мен дағдыларының *қорытынды* тізбесі

| Р/с № | Дағдылар тізбесі | Бөбек жасы (1-3 жас) | | | | Мектепке дейінгі жас (3-6 жас) | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Ерте жас (1 жастан бастап) | | Кіші жас (2 жастан бастап) | | Орта жас (3 жастан бастап) | | Ересек жас (4 жастан бастап) | | Мектепалды жасы (5 жастан бастап) | | Барлығы игерген % | |
| | | Топтар саны/ балалардың саны* | Дағдыларды игерген балалар саны %* | Топтар саны/ балалардың саны* | Дағдыларды игерген балалар саны %* | Топтар саны/ балалардың саны* | Дағдыларды игерген балалар саны %* | Топтар саны/ балалардың саны* | Дағдыларды игерген балалар саны %* | Топтар саны/ балалардың саны* | Дағдыларды игерген балалар саны %* | Барлығы топтар саны/ балалардың саны* | Барлығы дағдыларды игерген балалар саны %* |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |
| 1 | 2017-2018 жыл | 0 | 0 | 5/106 | 96 (45 %) | 2/46 | 39 ( 18 %) | 2/36 | 36 (17 %) | 1/23 | 22 (10 %) | 10/211 | 193 (90 %) |
| 2 | 208-2019 жыл | 3/68 | 56 (19 %) | 3/78 | 46 (15 %) | 3/74 | 62 (21 %) | 2/48 | 44 (14 %) | 1/26 | 25 (9 %) | 12/294 | 233 (78 %) |
| 3 | 2019-2020 жыл | 1/25 | 15 (5,8 %) | 4/110 | 98 (31,8 %) | 3/75 | 61 (19,8 %) | 3/75 | 61 (19,8 %) | 1/23 | 22 (7,1 %) | 12/ 308 | 257 (84,3 %) |
| 4 | 2020-2021 жыл | 0 | 0 | 3/86 | 70 (22,6 %) | 3/114 | 91 (29,4 %) | 3/68 | 60 (19,4 %) | 2/41 | 39 (12,6%) | 12/309 | 260 (84 %) |

**Қорытынды:**

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг өлшеуіштері , білімдерін бағалау құралдары ,бағалау тәртібі стандарт тәртібіне сәйкес.
2. Балабақшада тәрбиешілер мен басқа да мамандардың (психолог, дефектолог орыс тілі, дене шынықтыру, музыка жетекшісі) бірігіп педагогикалық ынтымақтастықта қызмет жасауы жақсы жолға қойылған.

**Ұсыныстар:**

1. Жұмыстың одан арғы кезеңіне арналған міндеттер МЖМБС талаптарына сәйкес әр білім беру саласы бойынша балалардың құзыреттілігін дамытуға ықпал етуді жалғастыру.
2. Жұмыстың тиімділігін талдау мақсатында МЖМБС қарастырылған индикаторлар жүйесін пайдалана отырып, балалардың құзыреттілігін дамыту диагностикасының әдістерін енгізуді жалғастыру.